

**СОҒЫС ЫЗҒАРЫНАН ҚАЛТЫРАҒАН ӘЛЕМ**

6-БЕТ | ШАРТАРАП



**ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ДҮР ҚЫЗДАР**

8-БЕТ | ҚОҒАМ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазір Қазақстанда бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Бұған мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып жатыр. Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 36 пайыздан асты. Бұл, шын мәнінде, жоғары көрсеткіш. Осы салада жұмыс істейтін адамдардың саны 4,3 миллионға жетті. Яғни еңбекке жарамды азаматтардың 45 пайызы деген сөз. Индустрияландыру жұмысы соңғы жылдары жоғары қарқынмен жүзеге асырылып келеді. Былтыр өңдеу өнеркәсібінің экспорты 26 миллиард доллардан асты. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Өткен жылы осы салаға 1,5 триллион теңге инвестиция тартылды.


№148 (4581)
Бейсенбі
14 желтоқсан 2023 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




## ҚАРАЖАТ ҚАЙТАРЫЛЫП ЖАТЫР

Елден заңсыз шығарылып, мемлекет кірісіне қайтарылған қаражаттың бәрі ерікті түрде берілді. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев мәлім етті.

«Заңсыз алынған, шығарылған активтерді қайтару жөніндегі заң қабылданды. Қазіргі уақытта заң жұмыс істеп тұр, комиссияның бірнеше отырысы өтті. Капиталды қайтарудың екі жолы бар. Яғни ерікті және мәжбүрлі түрде. Бұл орайда тізімге тап болуы мүмкін тұлға комиссияға өз еркімен келіп, «осы уақытты ішінде мұнша қаржыны заңсыз таптым, енді оны Қазақстанға инвестициялағым келеді» деп айта алады. Ол өңірлердегі, моноқалалардағы қандай да бір маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаны таңдап қаржыландыра алады немесе арнайы ашылған шотқа ақшалай инвестиция салады. Ол мүлік немесе акция, облигация, бағалы тастар түрінде де қайтара алады. Сол үшін арнайы компания құрылды. Мемлекетке қайтарылған нысан мектеп не ауруханаға жарамды болса, онда ол тиісті мемлекеттік органға қайтарылады. Ал бизнес үшін қызығушылық тудырса, онда ашық аукцион арқылы сатылады не бәсекелестік ортаға беріледі. Мұның бәрі заңда көзделген» деді Ерұлан Жамаубаев.




3

# МЕРЕКЕГЕ ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Елордада Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар басталып кетті. «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында ұйымдастырылған мерекелік жиында көпбалалы аналар мен мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға, сондай-ақ әлеуметтік жағынан қиын жағдайға тап болған отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетілді.

## ОРТАША МӨЛШЕРІ – 120 МЫҢ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 1 желтоқсандағы жағдай бойынша еліміздегі жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 120838 теңге болды.

Жыл басынан бері республикалық бюджеттен 3 трлн 33,7 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді, оның ішінде базалық зейнетақы төлеуге – 930,6 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы төлеуге 2 трлн 103,1 млрд теңге қарастырылған. 2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып, әр алушыға жеке тағайындалып келеді. Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады. Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірнеше рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айдағы аударым болып саналады.

## ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛАДЫ

Астанада қалалық Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясы елорда әкімдігінің қолдауымен конкурдан Қазақстан чемпионаты өтеді.

Жарыстың жалпы жүлде қоры 12 миллион теңгені құрайды. Чемпионат 15 желтоқсан күні «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешенінде (Қарқаралы тасжолы, 1) сағат 10:00-де басталады. Кіру тегін!

Астана қаласының Ұлттық және олимпиадалық спорт түрлері федерациясы елордалықтар мен қала қонақтарын жанкүйер болуға шақырады.



## ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!

Қазақстандықтар табысын көрсететін декларацияны жыл соңына дейін тапсыра алады.

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің өндірістік емес төлемдерді, жеке тұлғаларды және арнаулы салық режимдерін әкімшілендіру департаменті табыс декларациясын тапсыру заңды тұлғалар мен жеке азаматтар үшін міндетті екенін еске салады.

Декларацияны толтырар алдында, 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін мынадай дайындық жұмысын жүргізу қажет: тиісті растайтын құжаттарды дайындау; нотариустармен несие шартын куәландыру; қаражатты (10000 АЕК – 34,5 млн теңгеден астам) банк шоттарына орналастыру.

№148 (4581) 14/12/2023 Бейсенбі

# ЭКОНОМИКА ӘДІЛДІККЕ НЕГІЗДЕЛУІ ТИІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын сапа» және «Парыз», «Қазақстанның үздік тауары» байқауларының жеңімпаздарын – ел дамуына елеулі үлес қосқан кәсіпкерлерді салтанатты түрде марапаттау рәсіміне қатысушыларды құттықтап, сөз сөйледі.



«Қазір Қазақстанда бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Бұған мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып жатыр. Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 36 пайыздан асты. Бұл, шын мәнінде, жоғары көрсеткіш. Осы салада жұмыс істейтін адамдардың саны 4,3 миллионға жетті. Яғни еңбекке жарамды азаматтардың 45 пайызы деген сөз. Индустрияландыру жұмысы соңғы жылдары жоғары қарқынмен жүзеге асырылып келеді. Былтыр өңдеу өнеркәсібінің экспорты 26 миллиард доллардан асты. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Өткен жылы осы салаға 1,5 триллион теңге инвестиция тартылды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ – АЙРЫҚША НАЗАРДА

Мемлекет басшысы еліміздің экономикасы әділдік қағидатына негізделуге тиіс екенін атап өтіп, бірқатар маңызды мәселеге назар аударды.

«Мен жуырдағы Жолдауымда 2029 жылға қарай ұлттық экономика көлемін екі есе, яғни 450 миллиард долларға дейін ұлғайту жөнінде маңызды міндет жүктедім. Бұл міндет – бос қиял емес, Үкіметтің мұқият есептеген іс-қимыл жоспары. Оны орындау үшін жаңа инвестициялық циклді іске қосу қажет. Ол ел экономикасының маңызды элементіне айналады. Өткен аптада мен Инвестиция тарту жұмыстарының тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Енді Инвестициялық штабтың жұмысы жобаларды уақытылы және кедергісіз жүзеге асыруға бағытталады. Штабқа заңды күші бар, уақытша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу құқығы берілді» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, мұндай шаралар еліміздегі инвестициялық климатты жақсартуға ықпал етуді көздейді.

«Жалпы, инвестиция тарту ісінде «бюрократияға мүлде жол жоқ – барынша нақты іс-әрекет» қағидаты басшылыққа алынуы қажет. Қолға алынған істің нәтижесі мемлекеттік аппараттың жіті назарында болуға тиіс» деп санайды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өзінің тапсырмасына сәйкес өңдеу секторына қаржы салатын инвесторлар келесі жылдан бастап үш жылға салықтан босатылатынын айтты. Сондай-ақ бұрын-соңды мұндай жүйелі шаралар болмағанын әрі оның шешуші сипаты бар екенін, әйтпесе, инвестиция үшін өте жоғары халықаралық бәсекелестік қалыптасып тұрған жағдайда Қазақстанның көздеген мақсатқа қол жеткізуі қиынға соғатынын жеткізді.

«Өздеріңізге мәлім, бұған дейін отандық бизнесті негізсіз тексерулер мен заңсыз қылмыстық қудалаудан қорғау жөнінде тапсырма берген болатынмын. Қабылданған шаралардың нәтижесінде кәсіпкерлік саласындағы тіркелген қылмыстар саны екі есе азайды (837-ден 402-ге дейін). Ақтау негізі бойынша тоқтатылған қылмыстық істер саны шамамен бес есе қысқарды (416-дан 92-ге дейін). Инвестициялық жобаларды прокуратура органдарының сервистік қадағалауына баса мән беріледі. Инвестициялық жобаларды «жасыл дәліз» қағидаты бойынша қолдау жүйесі енгізіледі. Бұл инвесторларға рұқсат беретін құжатты алу ісін оңайлатады және жеделдетеді. Сонымен қатар оларға жер учаскелерін беру және коммуникация жүргізу жұмыстарын жеңілдетеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### ЭКСПОРТҚА ӨНІМ ШЫҒАРУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Президенттің айтуынша, мемлекет бизнес үшін әділ әрі ашық ойын ережесін қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсайды. Мемлекет басшысы елімізде жасанды интеллект жүйесін құру ісін тағы бір маңызды мәселе ретінде атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның болашағы және оның халықаралық қоғамдастықтағы орны осы жұмыстың сәтті іске асуына байланысты деп санайды. Сондықтан Президент бұл бағытқа өзі жетекшілік етеді және шетелдік, отандық мамандармен кездеседі, сондай-ақ жүктелген міндеттердің орындалуын бақылайды.



Мемлекет басшысы елді индустрияландыру ісін одан әрі жалғастыруымыз керек деп санайды. Бұл бағытта нақты шаралар қолға алынып жатыр. Екі жыл бұрын «Өнеркәсіп саясаты» туралы арнаулы заң қабылданды. Өңдеу кәсіпорындарын арзан шикізатпен қамтамасыз ету өте маңызды. Келесі жылдан бастап ірі шикізат өндірушілер ішкі нарықтың сұранысын қамтамасыз етуге міндетті болады. Олар Қазақстандағы өңдеу мекемелерінің қажеттілігін толық өтесе ғана шикізатты экспорттай алады.

«Ауылды дамыту – түптеп келгенде, бүкіл Қазақстанды дамыту деген сөз. Сондықтан биыл біз «Ауыл аманаты» жобасын бастадық. Ауыл тұрғындарына шағын несие беру үшін 100 миллиард теңге бөлінеді. Соның арқасында 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Келесі жылдан бастап бизнесті дамытуға арналған бірыңғай кешенді бағдарлама қолға алынады. Болашағы бар шағын және орта бизнеске басымдық беріледі. Яғни мемлекет өндірістік қабілеті жоғары және экспортқа өнім шығаратын кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді» деді Президент.

### БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫНА МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕЛІ

Мемлекет басшысы Үкімет пен бизнес-қоғамдастық бірлесіп, кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін артық талаптарды анықтау үшін ауқымды жұмыстар жүргізгенін мәлімдеді. Оның айтуынша, 10 мыңнан астам заң нормасы жаңа реттеуші саясаттың негізгі талаптарына сай келмейтіні анықталды. Бүгінде оның 90 пайызы күшін жойды. Қалғаны жыл соңына дейін ретке келтіріледі. Сын-қатерлерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі бақылаушы органдардың бизнеске қысымын шектеудің маңызды құралына айналады. Ол 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылады және адамның қатысуынсыз тексеруді белгілеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде бизнеске жоспарлы инспекция жасау екі есе қысқарады. Ал айыппұлдар саны бірнеше есе азаяды.

Сонымен қатар бизнес пен мемлекет арасындағы қатынастардың жүйелі түрде жаңғыруына қазір әзірленіп жатқан жаңа Салық кодексі ықпал етеді.

«Атап айтқанда, онда фискальды органдарды әкімшілендірудің сервистік моделіне көшіру мәселесі қамтылады. Бизнес субъектілерінің салықтық есебін 30 пайызға азайту жоспарланып отыр. Салықтық төлемдер саны кем дегенде 20 пайызға оңтайландырылады. Көлік құралдарына арналған салық бойынша есеп айырысу мен декларация, сондай-ақ жер мен мүлік салығына қатысты жүктеме бір миллион теңгеден аз болса, есеп айырысу алынып тасталады. Кәсіпкерлердің банктердегі шоттарын бұғаттау кезінде олардың салықтық қарызына тең көлемдегі қаржысына ғана шектеу қойылады. Бизнесті дамытудың қазіргі ынталандыру тетігін сақтай отырып, қосымша қолдау шаралары қабылданады. Түсінікті және болжамды салық саясаты экономикалық өсімге тың серпін береді деп сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### МАҚСАТ – ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ЖАҚСАРТУ

Президент қазір бүкіл әлем түбегейлі бетбұрыс кезеңіне қадам басқанын атап өтіп, адамзаттың аса күрделі сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанына назар аударды.

«Геосаяси текетірес және мемлекеттер арасындағы бақталастық ушығып барады. Осындай құбылмалы кезеңде біз стратегиялық бағдарымызға сай әрекет етуіміз керек. Жан-жақты жоспарлап, тиянақты жасалған шаруа ерте ме, кеш пе, жемісін беретіні сөзсіз. Мысалы, біз соңғы жылдары білім беру саласына баса мән беріп келеміз. Нақты шешімдер мен шаралардың арқасында мұғалім мәртебесі әлдеқайда көтерілді. Мектептегі орын тапшылығын жою үшін арнайы бағдарлама жүзеге асырылуда» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, биыл жүзге жуық білім ошағы бой көтерді. Қазіргі таңда осындай ауқымды жұмыстың нақты нәтижесі бар. Атап айтқанда, халықаралық PISA рейтингі бойынша Қазақстандағы орта білімнің сапасы едәуір артты.

«Жақында Қазақстан халқының саны 20 миллионға жетті. Бұл – тарихи белес. Оған бүкіл ел болып қуандық. Халық санының көбеюі мемлекетіміздің дамуына қосымша серпін беріп, елімізге абырой әкелетініне еш күмән жоқ. Сондықтан біздің негізгі мақсатымыз – барша жұртымыздың сапалы тұрмысын қамтамасыз ету. Былтыр еліміздегі орташа өмір сүру ұзақтығы 74,4 жасқа жетті. Бұл – еліміздегі медициналық қызметтің сапасымен қатар, азаматтардың әл-ауқаты жақсарып жатыр деген сөз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы аймақтарда инвестиция тарту жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. Биылдың өзінде еліміз бойынша жалпы құны 376 миллиард теңгені құрайтын 91 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның арқасында 6 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды. Президент қосымша тұрақты жұмыс орындарын ашу жалпымемлекеттік міндет екенін, өйткені бұл жерде халықты жұмыспен қамту, қоғамдағы масылдық психологиядан арылу туралы айтылып отырғанын жеткізді.

### ҮЙРЕТЕТІН ҰЛТҚА АЙНАЛАЙЫҚ!

Сонымен қатар перспективті цифрлық индустрияға баса назар аударылды. Президенттің айтуынша, Қазақстан электронды үкімет пен қаржылық-технологиялық даму индексі бойынша әлемде жетекші орын алады.

«Елімізде IT секторы қарқынды дамуда. Озық мемлекеттер экономикасындағы бұл саланың үлесі жыл сайын ұлғайып келеді. Былтыр отандық IT индустрия экспорты бес есе өсті. Мен оның көлемін 2026 жылға қарай бір миллиард долларға жеткізу міндетін жүктедім. Біз ірі өнеркәсіптік өндірістен бастап, шағын сервистік жобаларға дейінгі экономиканың барлық саласын одан әрі цифрландыруға баса мән береміз. Бірақ босаңсуға, жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды. Еліміз жаһандық цифрлық технология орталығы ретіндегі орнын нығайтуы керек. Қазақстан ірі халықаралық IT компаниялардың кеңселері орналасатын аумақ бола алады және болуға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсімге қатысушылармен кездесуде халқымыздың үйренетін ғана емес, үйрететін ұлт болуы керек екенін, ал Қазақстан тұтынатын емес, өндіретін мемлекет болуы қажеттігін айтты.

«Қазақстанда жасалған» деген таңба ең мықты сапаның, ең жақсы өнімнің белгісіне айналуға тиіс. «Алтын сапа» байқауының басты мақсаты – осы. Сонымен бірге, бизнес өкілдері халық алдындағы жауапкершілікті терең сезінуі керек. Адал азамат өз жағдайын ғана жасамайды. Ол туған ауылының немесе өзі жұмыс істеп жатқан аймақтың қамын да ойлайды. Мұндай кәсіпкерлер көпшіліктің қолдауына және алғысына ие болады. Шын мәнінде, туған елдің ықыласынан артық марапат жоқ. «Парыз» байқауына қатысушылар биыл түрлі әлеуметтік жобаға белсене атсалысты. Қайырымдылыққа 80 миллиард теңгеге жуық қаржы жұмсады. 6 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашты. Табысын елімен бөліскен осындай азаматтар жоғары құрметке лайық» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жиын соңында «Алтын сапа» және «Парыз» байқауларына қатысқан кәсіпкерлерге ризашылығын білдіріп, лауреаттарға наградаларын тапсырды.



# ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Қалалық мәслихат депутаттары «Marmara» ерекше балаларды оңалту орталығының негізін қалаушысы Серкан Кайдың шақыруымен Түркияға ресми сапары барысында мекеменің қызметімен және жұмыс әдістемелерімен танысты.

«Олар, ең алдымен, әрбір бала үшін жеке бағдарлама бойынша оңалтуды әзірлеуді көздейді. Шетелдік мамандар Астанада орталық ашу, сондай-ақ қазақстандық әріптестерімен тәжірибе бөлісу туралы ұсынысымызды қуана қабылдады. Шетелдік сапардың қорытындысы бойынша мәслихат депутаттары, сондай-ақ Қоғамдық денсаулық сақтау, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының мамандары қатарынан 2 жұмыс тобы құрылды. Бірінші топ №2 көпсалалы ауруханада енгізілетін қанатқақты жоба бойынша медициналық қызметтерді цифрландырудың түрік тарапымен бірлесіп дамыту жөніндегі меморандум дайындаумен айналысады. Екінші топ ғимараттар мен үй-жайларды іздеу мәселелерімен және ерекше балаларға арналған оңалту орталығын ашу үшін 3 жылға сенімгерлік басқаруға беріледі» деп жазды Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

# МЕРЕКЕГЕ ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында елордадағы «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында «Тәуелсіздік – ел бақыты» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Индира БЕРЖАНОВА

Жиынға орталық сүйемелдеуіндегі көпбалалы, толық емес, жағдайы төмен, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылар шақырылды. Іс-шара жеке тұлғаның азаматтық қасиетін, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыруға, патриоттық сезімге тәрбиелеуге бағытталды.

– «Жанұя» орталығының жұмысы «бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асады. Орталық мамандары әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды әлеуметтік бағдарламалар туралы ақпараттандырады, қажетті құжаттарды дайындауға көмектеседі. Бүгінгі таңда «Жанұя» орталығы балалы отбасыларды жекебағдарлы сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Бұған психологиялық білім беру, құқықтық, әлеуметтік, медициналық және мәдени сипаттағы іс-шаралар кіреді. Жыл басынан бері қала бойынша 295 отбасы орталықтың әлеуметтік сүйемелдеуіне алынды, – деді өз сөзінде «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы Сарыарқа ауданы бойынша отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеу бөлімінің басшысы Айгүл Болатхан.




Аталмыш орталықтың қызметіне жүгінгендердің бірі – қала тұрғыны Маржангүл Нұрлыбаева.

– «Жанұя» отбасы институты орталығы туралы мен таныстарым арқылы білдім. Шыны керек, мұндай орталық туралы хабарсыз едім. Биыл жазда тіркелдім, бүгінде көп көмегі тиіп жатыр. Отбасымызға азық-түлік себеті берілді. Ендігі кезекте көмір берілмек. Қызым 9-сыныпта оқиды. Даун синдромына шалдыққан. Баламның оқуына қажетті керек-жарақтар да табысталды, – дейді елорда тұрғыны.

Мерекелік іс-шара барысында өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға киім-кешек пен азық-түлік сатып алуға арналған сертификат табысталды.

# ЖОСПАРЛЫ ВАКЦИНАЦИЯ ЖАЛҒАСУДА

Елордада күн сайын қызылшаның 35-ке жуық жағдайы тіркеледі. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Астананың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова мәлім етті.

Бас санитардың айтуынша, биыл наурыз айынан бастап қызылшаның 2537 бастапқы жағдайы тіркелді. Оның ішінде 806 жағдай – расталған диагноз және оның 71 пайызы – 14 жасқа дейінгі балалар арасында, 9 пайызы – жасөспірім, 20 пайызы – ересек. Науқастар арасында вакцинация алмаған балалардың үлесі 70 пайызды құрады және 24 пайызы – егу мәртебесі белгісіз ересектер.

– Екпе алып, кейін ауырып қалған балалардың үлесі – 6 пайыз. Елордада қызылша ауруымен тығыз байланыста болған адамдардың вакцина алудан бас тартуы орын алуда. Қызылшамен ауырғандардың ішінде 48 пайызы жоспарлы тәртіппен жүргізілетін вакцинациядан бас тартқан. 27 пайызы медициналық қарсы көрсетілімі бойынша, 17 пайызы – егу жасына жетпеген және 7 пайызы – ата-анасының немқұрайдылығы себебінен вакцинация алмағандар, – деді Сархат Бейсенова.



Елордада қызылша бойынша жағдайды тұрақтандыру үшін профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Қосымша жаппай иммунизация шеңберінде қамтылуға жататын 20302 адам вакцина алған. Сонымен қатар егу күнтізбесі бойынша уақытылы егілмеген 4326 балаға екпе салынды. Ошақтарда 30 жасқа дейінгі байланыста болған 1886 адам вакцина алған.

Қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинация жалғасуда. 12-15 айлық аралығындағы сәбилер санынан қызылшаға қарсы жоспарлы екпемен 92,3 пайыз және 6-7 жастағы балалар арасында 92,6 пайыз қамтылды. Қызылшаға қарсы вакцина 60 жыл бойы қолданылып келеді және аурудың таралуын тоқтату үшін ұсынылады. Сол себепті бас мемлекеттік санитарлық дәрігер ата-аналарды қызылшаға қарсы балаларды уақытылы вакцина алуға, сонымен қоса 6-10 айлық және 2-4 жастағы балаларға қосымша иммунизация алуға шақырды.

# ТЕГІН ТАМАҚ, ТЕГІН ТАКСИ...

Тәуелсіздік күні қарсаңында елордада «10 игі іс» ұранымен әлеуметтік қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Басты мақсат – қала тұрғындары үшін игі іс жасау.

Аязға және ауа райының нашарлауына байланысты елордалық мешіттер «10 игі іс» акциясын қолдап, адамдарды тегін тасымалдауға және коммуналдық қызмет мамандарына ыстық түскі ас таратуда.

– Мұндай акцияларды өткен жылдары да ұйымдастырғанбыз. Астананың аязды күндерінде азаматтарымызға көмек қолын созғымыз келеді. Өзге жүргізушілерді акцияға қосылуға және тұрғындарға көмектесуге шақырамыз, – деді Астананың бас имамы Ерболат Жүсіпов.

Осыған дейін елордалық еріктілер қала тұрғындарына ыстық шай мен бауырсақ тарату акциясын бастаған болатын. Олар аялдама кешендерін аралап, кондукторларға, жүргізушілер мен жолаушыларға ыстық шай мен бауырсақ таратқан еді.

Еріктілердің бірі аязды күні өтіп бара жатқан адамдарға ыстық шай мен бауырсақ ұсынды.

– Қазір қалада аяз күшейіп тұр. Мектептердегі сабақ тоқтатылды. Осындай игі әрекеттермен біз айналамызда жылы, достық қарым-қатынас орнатамыз, жастарға қайырымдылықты насихаттаймыз. Акция қыс бойы өткізіледі, біз барлығын қосылуға және мұқтаж жандарға көмек көрсетуге шақырамыз, – деді Айзат Әли.

Еріктілер сонымен қатар автокөлік иелерін кішкентай балалары бар әйелдерді тегін тасымалдауға шақырды.

Қала тұрғындары эстафетаға қолдау көрсете алады, сол сияқты ізгілік акциясы аясында өз аккаунттарында #Мейірімдіболуәдет, #Добротаобразжизни #Моднобытьдобрым хештегімен ақпарат немесе видео жариялай алады.



# ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ШАТТЫҚҚА БӨЛЕДІ

Есіл ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының «Күміс» еріктілері мен «Есіл толқындары» халық ансамблі «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болып, Тәуелсіздік күні қарсаңында орталықтағы мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың ата-анасына мерекелік шағын концерт ұйымдастырды.

«Есіл толқындары» халық ансамблі жанды дауыста халық әндерін орындады. Іс-шараны ұйымдастырушы Ләззат Утегулованың айтуынша, еріктілер демеушілердің көмегімен 40 балаға тәтті сыйлық дайындаған.

– Ерекше қажеттілігі бар балаларға әлеуметтік қызмет көрсететін орталыққа арнайы келдік. Мектеп оқушыларына қолөнер жасауды үйрететін әжелеріміз бар. Олар аптасына бір рет қала мектептерінде шеберлік сабағын өткізеді. «Есіл толқындары» халық ансамблінің шығармашылық ұжымы жасы келсе де, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Бастысы, бүгінгі ұрпақ осы ата-әжелерге қарап үлгі алса дейміз, – деді Л.Утегулова.



# АҚША БОПСАЛАҒАНДАР ҰСТАЛДЫ

Астаналық полицейлер бірнеше жыл бойы тұрғынды қорқытып, 38 млн теңгеге жуық қаржыны иемденген бопсалаушыларды ұстады.

31 және 46 жастағы екі ер адам бірнеше жыл бойы астаналық азаматтың ақшасын қорқытып алып жүрген. Олар психологиялық қысым көрсету арқылы, интимдік сипаттағы фотосуреттер мен бейнежазбаларды таратамыз деп қорқытып, 2019 жылдан бастап ер адамды бопсалаған.

Күдіктілердің бірінің талабын орындау үшін жәбірленуші өзінің Toyota Land Cruiser Prado автокөлігін ломбардқа тапсырып, 10 млн теңге берген. 46 жастағы күдіктінің кезекті бопсалау фактісінен кейін ер адам полицияға жүгінген. Жедел-іздестіру іс-шаралары барысында ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері бопсалауға қатысы бар екі ер адамды ұстады және қамауға алды. Күдіктілердің бірі Алматы қаласында ұсталды. Жеке тексеру барысында одан есірткі заты оралған түйіншек тәркіленді. Ұсталған адамның бұрын осыған ұқсас қылмыс жасағаны үшін сотталғаны анықталды.

Қазіргі уақытта аталған факті бойынша ҚР ҚК-нің 194-бабы негізінде сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

№148 (4581) 14/12/2023 Бейсенбі

# ТАРИХИ АУДАН КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Астана тарихы Сарыарқа ауданынан басталады. Елордамен бірге есейіп, көркейіп келе жатқан аудан аумағында «Агроқалашық», «Көктал», «Көктал-2» тұрғын алаптары және «Орман отырғызу учаскесі» кенті орналасқан. Осы елді мекендерде жүзеге асқан игі істер туралы Сарыарқа ауданының әкімі Бауыржан ЕРАЛЫ кеңінен әңгімеледі.



**– Бауыржан Бейбітұлы, елорданың тарихи орталығы саналатын Сарыарқа ауданына әкім болып тағайындалғаныңызға 7 айға жуықтапты. Осы уақыт аралығында ауданда және тұрғын алаптарда қандай мәселелер шешімін тапты?**

– Сарыарқа ауданы елорда тарихының бастауы ғой. Ауданның өзіндік дәстүрі, өзіндік ерекшелігі бар. Ел астанасы Арқаға көшпей тұрып тұрғындарымыздың көпшілігі осы ауданда өмір сүріп келеді. Елордамыздың қалай құрылғаны туралы естеліктердің басым бөлігі де біздің ауданнан басталады. Мұнда көптеген тарихи нысан бар. Осы орайда тарихи ауданды жаңғыртуға, ескі инфрақұрылымды жаңартуға ерекше назар аударып келеміз.

Ауданды жаһандық түрде өзгерді деп айта алмаймын. Бірінші кезекте тұрғындардың тіршілігіне қажетті инфрақұрылымды жақсартуға күш саламын. Өзіме дейін атқарылған жұмысты жандандырып, әрі қарай дамытудамыз. Мәселен, аудан әкімі болып тағайындалғаннан бастап тұрғындар тарапынан «Шапағат» сауда үйінің маңындағы стихиялық сауда орнын алып тастауды өтінген хаттар көп келді. Бұл жылдар бойы көтеріліп келе жатқан күрмеулі мәселе болатын. Қазіргі таңда ол аумақта жайма базарды жойып, толықтай абаттандыру жұмысын жүргіздік. Ал саудагерлерге өз кәсібін заңдастыруға көмектесіп, өркениет талабына сай павильондарға, сауда үйлеріне орналастырдық. Сондай-ақ К.Күмісбеков көшесіндегі ескі гараждардың орнына тұрғындардың өтінішін ескеріп, қоғамдық кеңістік жасалды. 800-ге жуық ағаш отырғызып, көп-көрім демалыс аумағына айналдырдық. Бұдан бөлек, жауын-шашын шамадан тыс жауған кезде жеке тұрғын үйлерді, әлеуметтік нысандардың ауласын су басып қалып жататын. Осы мәселені шешу үшін ауданның 15 көшесі мен 8 орамішілік аумағы бойынша арық-науа желісі мен су өткізу құбырын жүргіздік. Нәтижесінде жауыннан кейін су деңгейінің едәуір жылдам төмендеуіне себеп болды. Дегенмен бұл бағыттағы жұмыс әрі қарай жалғаса бермек.

**– Аудан құрамындағы тұрғын алаптарда қанша халық тұрады? Бүгінгі таңда оларды нендей мәселелер көбірек толғандырады?**

– Сарыарқа ауданының аумағында Астананың тарихи күре тамыры саналатын ескі шаһар, сонымен қатар, «Агроқалашық», «Көктал», «Көктал-2» тұрғын алаптары және «Жасыл ел» ауылы орналасқан. Халық тығыз қоныс тепкен ауданда 354 мыңдай тұрғын бар. Әр тұрғын алаптың сұранысы да әртүрлі. Мысалы, «Көктал» тұрғын алабының «Нұрбесік» шағын ауданында өзге өңірлерден көшіп келген тұрғындарымыз көп. Ал «Агроқалашықтағы» халықтың басым бөлігі – Целиноград кезеңінен бері осында тұратын жергілікті тұрғындар. Сәйкесінше, әр жерде мәселе әркелкі. Дегенмен тұрғындармен кездескенде ең көп қозғалатыны – абаттандыру және инфрақұрылымды жақсарту мәселесі.

Бүгінде тұрғын алаптардағы көптеген мәселе жоспарлы түрде шешімін тауып жатыр. Мәселен, инфрақұрылым туралы айтатын болсақ, «Көктал-2» тұрғын алабында 100 пайыз жарықтандыру жүргізіліп, жолдар асфальтталды. Бұдан бөлек, орталық газ, сумен жабдықтау мәселелері шешімін тауып, кәріз жүйесі жасалды және жоғары жылдамдықты интернет қосылды. Сонымен қатар «Көктал-1» алабына келетін болсақ, жолдардың шамамен 60 пайызы асфальтталды. Алайда ешқашан асфальт көрмеген көшелері де бар. Осыған байланысты тұрғындардың тротуарлардың кейбір жерлері деформацияланған деген сын естіп жатамыз. Әлбетте, бұл тұрғыда үздіксіз жұмысты жүргізе береміз. Аталмыш орталықтың әр мәселесі – біздің назарымызда.

Аудан келбетін сақтау үшін және әрі қарай көркеюі үшін жыл сайын қажетті жұмыс жүргізілуде. Мемлекет басшысы да шет аймақтарды дамыту керек деген міндет қойды. Расымен, қаланың орталығында жасалған жағдай шет аймақтарда да жасалуы қажет. Әкімдік тарапынан жүргізілетін қандай да бір игілікті, халық бюджетіне жасалатын шарапатты тұрғындар тең көруге тиіс.

Ал «Агроқалашыққа» тоқталар болсақ, бұл аймақ – жерді заңсыз иемдену элементіне байланысты пайда болған күрделі жер телімі. Үйлер батпақты жерлерде орналасқандықтан, игерілуі өте қиын аймақ. Оң жағалаудағы төрт батпақ түгелдей дәл «Агроқалашық» аумағында орналасқан. Әсіресе көктемде еріген қар мен жерасты суы көтерілген кезде жағдай ушығып жатады. Бүгінде бұл мәселе де жер игерілуі есебінде ақырындап шешімін тауып жатыр. Сонымен қатар «Агроқалашық» тұрғын алабында кәріз жобасы жасалуда. Бұл жоғарыда айтқан мәселенің шешімін табуға септігін тигізеді.

Жалпы Telegram әлеуметтік желісінде аудан тұрғындарының чаты бар. Сол чатта мен де бармын. Чатта тұрғындар өз проблемасы туралы ашық жаза алады. Халықпен жиі кездесу өткіземіз. Жеке қабылдау да бар. Бір сөзбен айтқанда, тұрғындармен үнемі байланыстамыз және барлық сұраққа ашықпыз.

**– Қазіргі кездегі ең өзекті проблеманың бірі – елорданы газдандыру. Бұл бағытта қандай жұмыс жүргізіліп жатыр? Аудан тұрғындары толығымен газдандырылды ма?**

– Расымен де, тұрғын алаптарды газдандыру және энергия көздерін газға көшіру атмосфераға тигізетін зиянды азайтады. Сондай-ақ газ баллондарын пайдалануға байланысты төтенше жағдайларды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Бүгінде Сарыарқа ауданында газдандыру процесі 90 пайызға жүргізілген. Бұл 4413 абонентті құрайды.

Бұрын газды үйге кіргізу мәселесі өте қиын болатын. Құжаттарды 8 тармақ бойынша ұсыну қажет болды. Бір ғана нұсқасын орындау үшін миллион теңге жұмсау қажет еді. Ал қызметтің өзі 76 жұмыс күнін алатын. Өзіңіз ойлаңыз, бір құжат үшін адам жарты жыл жүгіретін. Астана қаласының әкімі Үкіметпен ақылдасып, қолдау табуының нәтижесінде құжаттар тізімін барынша қысқартып, тұрғындарымыз үшін мүмкіндігінше қарапайым және ыңғайлы төте жолын жасадық. Бұл газдандыру процесіне белгілі бір дәрежеде серпін берді.

**– Сарыарқа ауданының аумағындағы жолдардың жағдайы қалай? Биыл қай көшелер жөнделді?**

– Бүгінде аудан көшелерінің 82 пайызы толықтай асфальтталған. Биыл жоспарланған 21 көшені қалпына келтіріп, орташа жөндеу жұмысын жүргіздік. Одан бөлек, Ш.Бейсекова көшесі мен Н.Тілендиев даңғылының қиылысында екі деңгейлі жолайырық салынуда. Аталған құрылыс жұмысы қалаға кіріп-шығатын 20 мың көліктің жүруін жеңілдетіп, Н.Тілендиев, Бөгенбай батыр даңғылдары және Ақан сері мен Қараменде би Шақаұлы көшелеріндегі кептелістен арылтады.

**– Ауданда қанша аула бар, биыл қанша аула абаттандырылды? «Халық қатысатын бюджет» жобасы туралы да аз-кем әңгімелей отырсаңыз.**

– Биыл 40 аула аумағын абаттандырдық. Жалпы, абаттандырудың бірыңғай стандартынан бөлек, әр ауланың өз ерекшелігі бар. Тұрғындардың да тілегін ескеру қажет. Мұның барлығын әрдайым қаперімізде ұстаймыз. Сонымен қатар биыл тарихи көшелерді реконструкциядан өткізуді жоспарлағанбыз. Соның аясында «Шапағат» сауда үйі аймағындағы 12 аула көгалдандырылып, ойын алаңы жаңартылды, жарықтандыру жұмысы жүргізіліп, аумақтың тасжолы толық жөндеуден өтті. Нәтижесінде 4,5 мың аула тұрғынын қуанттық.

Оған қоса, «Халық қатысатын бюджет-2023» жобасы бойынша ауданымыздың 15 ауласында кешенді абаттандыру жұмысы аяқталды. Ағымдағы жөндеу жұмысы аясында қосымша 13 аула аумағы жаңартылды. Осы орайда айта кетейік, аудан тұрғындары ауланы толықтай жөндеу, сквер, саябақ, қоғамдық кеңістік салу, тротуарларды жайластыру, ауданды көгалдандыру және т. б. бағыттар бойынша өзінің өтініші мен жоспарын ұсына алады.

Тұрғындар нақты өзгерістерді және жоба үшін қажетті соманы көрсете отырып, абаттандыру жоспарын әзірлеуі керек. Дайын жоспарды қала тұрғындары аудандық аппараттың ресми сайтына жүктейді. Өтінімдер техникалық тексеру және талдау кезеңінен соң тұрғындардың дауыс беруіне шығарылады. Ең соңында жеңіп шыққан жобаны жүзеге асырамыз.

**– Қоғамдық кеңістіктер туралы не айтасыз?**

– Абаттандыру барысында қала тұрғындарының идеясына, қалауына құлақ асып, жобаларды іске асыру бойынша бірге ақылдасамыз. Биыл осындай бірқатар ұсыныс жүзеге асып, қоғамдық кеңістіктер пайда болды. Мәселен, Көктөбе көшесі, 5-үйдің іргесінде бос жатқан алаңның орнына спорт-ойын аймағы, демалу орны абаттандырылды. Ал К.Күмісбеков көшесі, 7/1-үйінің алдындағы ескі гараждардың орнына аудан тұрғындарының демалуына ыңғайлы әрі қауіпсіз қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Яғни жаяу жүргіншілер жолы салынып, жарықтандыру жүргізілді және 800-ден астам жасыл желек, ал жалпы аудан бойынша 5 мыңға жуық ағаш отырғызылды.

Сондай-ақ Фахд бен Абдул Азиз көшесінде, Бөгенбай батыр даңғылы 43/1-үй, Ықылас Дүкенұлы, 30-үй мекенжайларында орындықтар мен әткеншектері бар демалыс аймақтары, Ықылас Дүкенұлы, 34-үй ауласында жаңа спорт алаңы және скейт-парк пайда болды. Оған қоса, Желтоқсан, Бұқарбай батыр, Ағыбай батыр, Бейбітшілік көшелері, Бөгенбай батыр, Республика даңғылдарында да абаттандыру жұмысы жүргізілді. Оның ішінде кедергісіз орта құрылып, аудан тұрғындарына қолданысқа берілді. Бұл өзгерістердің барлығы елордамыздың жайлылығын арттырып, тарихи ауданның келбетін көркейте түсті.

**– Тұрғындарды толғандырған тағы бір мәселе – мектептер мен балабақшалардың жетіспеушілігі. Бұл проблема қашан шешіледі?**

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Астана шаһарында 24 мектеп салынады. Сол «Жайлы мектептің» екеуі Сарыарқа ауданында бой көтереді.

Қазір Қарасай батыр мен Бұланты көшелерінің қиылысындағы мектеп құрылысының жұмысы аяқталып қалды. Тек ішкі жөндеу жұмысы қалғанын атап өткім келеді.

**– Аудандағы сіз үшін ең өзекті проблема қайсы, оны қалай шешуге болады деп ойлайсыз?**

– Жоғарыда атап өткенімдей, ең басты мәселенің бірі – инфрақұрылым. Биыл ауданның тозығы жеткен даңғылдарын абаттандыруды қолға алмақпыз. Қазір жобасын жасаудамыз, алдағы уақытта нақтырақ жариялаймын.

Ірі жоспарлар туралы айтсақ, «Нұрбесік» шағын ауданында инженерлік инфрақұрылым жұмысын толығымен аяқтаймыз. Бүгінде бұл аймақта кәріз, су және су құбыры құрылысын жүргізудеміз. Одан бөлек, биыл ауданымыздың 6 көшесінде жарықтандыру жүргізілді. Бұрын бұл көшелерде жарық мүлдем болмаған. Енді жылдың соңына дейін техникалық мүмкіндік болған жағдайда, коммуналдық қызметтермен келісіп, тағы да жарығы жоқ 24 көшеге шамдар қоюды жоспарлап отырмыз.

Сондай-ақ «Көктал-2» ықшам ауданында 800 орындық көпсалалы аурухананың құрылысы белсенді жүруде. Пайымдауымша, аурухананың құрылысы толық біткен соң ауданның ғана емес, қаламыздағы жалпы жұрттың ем-дом қабылдауына сеп болады, мегаполистің медицина саласында ақсап жатқан күрмеулі мәселені шешуге тиіс.

**– Астананың өміріңізде алатын орны қандай? Бас қаланың қай жері сізге ерекше ұнайды? Несімен?**

– Ең бірінші, субъектив пікірім деп қабылдаңыз, шынын айтқанда, маған Астананың саф әрі таза ауасы ұнайды. Азаттық үшін арпалысқан Хан Кененің рухы сіңген, ел руханиятына ұйытқы болған шаһар десек жарасады. Әлбетте, «Астана – жастар қаласы, болашақтың қаласы» деп бекер айтылмаған.

Елордаға арман қуып келдік. Осында білім алдық, өндік, өркендедік. Еңбек жолым да осы қалада басталды, бүгінде астаналықтардың игілігі үшін барынша қызмет етіп жүрмін. Қолымыз қалт еткенде отбасыммен Есілдің жағалауында қыдырғанды жақсы көремін. Ауданымыздың театрларына барып тұрамын. Бірақ оқырманға мына жайтты айта кетуім керек, мұндағы театрларда аншлаг өте жоғары. 1-2 ай бұрын билеті таусылып кететін рухани орталықтарымыз бар. Жалпы демаламын деген адамға Астанада жайлы орын жетерлік.

Ауданымыздың халқы өте белсенді. Кездесулерде, басқа да жиындарда өзінің ойын, келелі мәселені көлденең, өткір сауалдарын еш бүкпесіз әрі ашық жеткізіп отырады. Жанашыр жандар көп. Жобаларды талқылауға, жүзеге асыруға әрдайым тұрақты атсалысып отырады. Әлбетте, ауданымыздың көркеюі үшін алдағы уақытта да әрқашан бірлесе жұмыс атқара береміз деп сенемін. Өз басым кез келген тұрғынға ашықпын. Сарыарқалық тұрғындарға айтар тілегім ұшан-теңіз. Мұқағали ақын айтқандай, «Жылуын беріп жебеген, ұйқымен тәтті бөлеген» баспаналарыңыз бақыттың ошағы болсын, әр үйдің ішінде мейірім мен махаббат болсын! Ауданымыз жылдан-жылға түрленіп, гүлдене берсін!

**Сұхбаттасқан**
**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Аудан келбетін сақтау үшін және әрі қарай көркеюі үшін жыл сайын қажетті жұмыс жүргізілуде. Мемлекет басшысы да шет аймақтарды дамыту керек деген міндет қойды. Расымен, қаланың орталығында жасалған жағдай шет аймақтарда да жасалуы қажет. Әкімдік тарапынан жүргізілетін қандай да бір игілікті, халық бюджетіне жасалатын шарапатты тұрғындар тең көруге тиіс

Сарыарқа ауданының аумағында Астананың тарихи күре тамыры саналатын ескі шаһар, сонымен қатар, «Агроқалашық», «Көктал», «Көктал-2» тұрғын алаптары және «Жасыл ел» ауылы орналасқан. Халық тығыз қоныс тепкен ауданда 354 мыңдай тұрғын бар





Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ



# БАҒДАРЫ АЙҚЫН БІЛІМ ОРДАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында Астанада білім беру саласындағы серпінді жобалар жүзеге асып, біршама жұмыс атқарылды. Жаңа оқу жылы басталғалы бері басты басымдықтар белгіленді: қазірдің өзінде не жасалды және жақын арада қандай өзгерістер болады? Осыған тоқталсақ.

### МЕКТЕПТЕР

Астана жыл өткен сайын республиканың ірі мегаполисі ретінде тартылыс орталығы болып қала береді. Осыған байланысты халық саны, оның ішінде мектеп жасындағы балалар саны өсуде.

– 2023-2024 оқу жылында 1-сыныпқа 28 мыңнан астам бала барды. Жыл сайын олардың қатары көбейіп жатқандықтан, мемлекет тарапынан білім беру ошағын салу, мектеп пен ұстаз мәртебесін көтеру бағытында ауқымды жұмыс атқарылуда. Қала бойынша оқушылар саны 261128-ді құрайды. Елордада 171 мектеп болса, 20 мыңға жуық орын жетіспейді. Сол себепті 8 мектеп үш ауысыммен жұмыс істеп жатыр. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасымен келесі жылы «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша 24 мектеп есігін айқара ашпақ. Бүгінде олардың құрылысы басталып кетті, келесі және арғы жылы сол мектептер пайдалануға берілгенде, үш ауысыммен оқу проблемасы шешіледі. Жаз бойы 49 мектепте жөндеу жұмысы, оның ішінде 9-ына күрделі жөндеу жүргізілді. Оқушылар қажет құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген, әзірге педагогтарға деген тапшылық жоқ, пән мұғалімдері жеткілікті. Жасалған жұмыс әрі қарай жалғасын табады. Соңғы 4 жылда елордада 39 мектеп салынып, 82 мың оқушы орнын құруға мүмкіндік бергеніне қарамастан, тапшылық сақталуда және 28 мыңнан астам орынды құрайды, – деп атап өтті Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен.

2024-2025 жылдары 69 мың орындық 30 мектепті пайдалануға беру жоспарланған.

«Жаңа оқу ордалары Қарасай батыр мен Бұланты көшелерінің, Тұран даңғылы мен №24 көшелердің қиылысын қоса алғанда, қаланың стратегиялық маңызды нүктелеріне орналасады» дейді Астана қаласы Білім басқармасының баспасөз қызметі.

Оқытудың қолайлы жағдайын қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп тұрған мектептердің аумағында жаңа корпустар салу жоспарлануда.

– 2023 жылы бюджет есебінен 6000 (1 ауысымда) орындық 7 мектеп салынды. Жеке инвестициялар есебінен 3300 (1 ауысымда) орындық 5 мектеп салынды. 2024 жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 28600 орындық 15 мектеп, бюджеттік инвестициялар жобасы аясында 4250 орындық 7 мектеп пен жеке инвестициялар есебінен 11362 орынға 11 мектептің құрылысын салу жоспарлануда. Сонда 2024 жылы барлығы 44212 орынға шақталған 33 мектеп, оқу жылының соңында 4 мектеп салынады. Биыл 12 мектеп пайдалануға берілді. Бұл қадамдар мектептердің шамадан тыс жүктемесін азайту мақсатында ғана емес, сонымен қатар болашақта оқушылардың орын тапшылығын болдырмауға бағытталған. Жаңа білім ордалары қаланың барлық ауданын, соның ішінде тұрғын алаптарды да қамтиды, – деп атап өтті баспасөз қызметі.

Бұдан бөлек, елордада Мемлекет басшысының бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы сәтті жүзеге асуда. Осы жоба аясында 2024-2025 жылдарға қарай 24 заманауи мектеп салу жоспарлануда. Стратегиялық қадам екі ауысымда шамамен 90 мың оқушы орнын құруға мүмкіндік береді.

Статистика мәліметіне сәйкес, бүгінгі таңда елордада 460 мыңнан астам бала тұрады, оның ішінде:
- балабақшаларда – 68 мыңнан астам бала;
- мектептерде – шамамен 260 мың бала;
- колледждерде – 34 мыңнан астам оқушы бар.

Елордада барлығы 337 мың балаға (236-сы – мемлекеттік, 488-і – жеке) 734 білім ошағы мен мектепке дейінгі ұйым білім береді, оның ішінде 171 мектеп, 525 балабақша, 11 қосымша білім беру ұйымы бар.

### БАЛАБАҚШАЛАР

Мектепке дейінгі білім беруге келетін болсақ, қазіргі уақытта Астана қаласында 68129 баланы қамтитын 525 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді:
- Мемлекеттік балабақша саны – 100 (контингенті – 32494 тәрбиеленуші, жобалық қуаты – 29639).
- Жекеменшік балабақша саны – 424 (контингенті – 35230 бала), оның 412-сіне мемлекеттік тапсырыс берілген.
- 3 ведомстволық балабақшада 405 бала бар.

Мектеп жасына дейінгі балалар контингенті жыл сайын бала туу мен көші-қон процесінің өсуіне байланысты артып келеді.

Ағымдағы кезеңде Indigo электронды порталында кезекке 0-6 жас аралығындағы 38767 бала, 2-6 жас аралығындағы 29563 бала тіркелген.




> Елордада 29100 оқушыны қамтитын 11 мемлекеттік қосымша білім беру ұйымы, 135 қосымша білім беру ұйымының филиалдары және 8 community-орталық (20 пайызды құрайды) жұмыс істейді. Бүгінгі таңда балаларды қосымша біліммен қамту 81,5 пайызды немесе 213556 адамды құрайды

Жыл бойы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту бойынша жұмыс жүргізілуде:

– 10317 орындық жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру есебінен, оның ішінде ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында 10124 орындық 224 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырыс орналастырылды, – деп хабарлайды Білім басқармасының баспасөз қызметі.

### ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

Оқушылардың жеке дамуы, өзін-өзі дамыту шартының бірі – қосымша білім беру жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыру. Елордада 29100 оқушыны қамтитын 11 мемлекеттік қосымша білім беру ұйымы, 135 қосымша білім беру ұйымының филиалдары және 8 community-орталық (20 пайызды құрайды) жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда балаларды қосымша біліммен қамту 81,5 пайызды немесе 213556 адамды құрайды (Астана қаласы бойынша оқушылар саны – 261128).

Жыл сайын балаларға қосымша білім беруге қатысты жаңа нысандар, орталықтар, филиалдар ашылып жатқанына қарамастан, бүгінгі таңда бұл салада орын тапшылығы сезілуде. Осыған байланысты 2029 жылға дейін 15 заманауи Оқушылар сарайын салу жоспарлануда. Биыл олардың 5-еуінің қаланың әр ауданында жобалауы басталды.

### БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Мәжілісте бала қауіпсіздігіне қатысты жаңа заң жобасы мақұлданды. Ол 3 негізгі бағыт бойынша әзірленген. Алғашқысы – оқу ордасындағы оқушының бас амандығы. Депутат Асхат Аймағамбетовтің дерегінше, соңғы 2 жылда 100-ден аса баланың терезеден құлау фактісі тіркелген. Олқылық әсіресе үлкен мегаполистерде орын алып жатқан көрінеді. Сондықтан мәжілісмен мәселені арнайы заңмен реттеу керек екенін атап өтті.

– Негізгі мәселе – кішкентай балалардың терезеден құлауы. Өкінішке қарай, соңғы екі жылда жүздеген бала терезеден құлаған. Қайтыс болғандар да бар. Сондықтан заң жобасы терезеге арнайы қауіпсіздік механизмін орнатуды немесе құлыптауды міндеттейді, – деді Парламент Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов.

# МЕНІҢ АРМАНЫМ...



*Кішкентайымнан кітапханаға барғанды, кітап оқығанды ұнатамын. Осы оқу жылында Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» кітабын оқып бітірдім. Қазіргі оқып жатқан кітабым – М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі. Өте қызық, 4-тарауына келдім. Кітап оқу арқылы оқуға деген зейінің ашылады. Ең қызығы, мен әдеби кітаптармен қоса ғылыми кітаптарды оқығанды да жақсы көремін. Анаммен сауда үйіне барған сайын «Marwin» кітап дүкенінен әртүрлі энциклопедиялар аламын. Онда неше түрлі тақырып бар. Мысалы, ғаламшарлар, ғарыш, дала жануарлары, динозаврлардың алуан түрі туралы танымдық кітаптар қызықтырады. Маған далада ойнап жүріп, жерде қыбырлап жүрген қоңыз, құрт секілді жәндіктерді зерттеген ұнайды, ерекше жәндіктер немесе гүлдер көрсем, ұзақ қарап отырамын, сосын ұстап көремін. Үйде сурет салып, лего құрастырып, шахмат ойнағанды ұнатамын.*

*Сондай-ақ қосымша үйірмелерге де барамын, олар: шахмат, робототехника, арт-терапия (сурет салу). Үйде әкеммен бірге шахмат ойнаймыз. Биыл шахматтан 5-тен 4-разрядқа өтіп, бір сатыға көтерілдім. Үнемі түрлі турнирге, жарысқа қатысамын. Анам мен әкем жарысқа орын алу үшін емес, тәжірибе жинау үшін қатыс деп қолдап отырады. Жарыстан орын алмай келсем де, қатысқаным үшін қатты қуанады. Осы жылы шахмат турнирінен 3 рет мақтау қағазымен марапатталдым. Барлық жетістігім мен білімімнің, еңбегімнің нәтижесін көрсетіп, демеп жүрген – отбасым! Оларға алғысым шексіз! Үмітіңізді ақтауға барымды саламын. Мені анам мектептегі «Даму бала» бағдарламасымен домбыра үйірмесіне жазып қойды. Алдағы уақытта тағы бір арманыма жетемін деген ойдамын.*

**Айсұлтан ЕРІК,**
**Сырбай Мәуленов атындағы**
**№37 мектеп-лицейдің**
**3-сынып оқушысы**

# БІРІНШІ ОРЫН – БІЗДЕ!

«Astana Polytechnic» жоғары колледжінің 4-курс студенті Дархан Қапаров – Ресейдің Санкт-Петербург қаласында өткен кәсіби шеберлік бойынша «Профессионалы» чемпионатына ел намысын қорғап барған жалғыз үміткер.



5 күнге созылған чемпионатқа Ресейдің және басқа елдердің әртүрлі саладағы кәсіби оқу орындарының үздік студенттері, жас мамандар, жоғары сынып оқушылары қатысқан.

Дархан Қапаров 687 қатысушының арасынан «Ұйымдардың бизнес процестерін автоматтандыру» халықаралық зачетында жүзден жүйрік шығып, жүлделі 1-орынды жеңіп алды, сөйтіп Қазақстан чемпионатта 2-орынды иеленді.

№148 (4581) 14/12/2023 Бейсенбі

# СОҒЫС ЫЗҒАРЫНАН ҚАЛТЫРАҒАН ӘЛЕМ

Әлемде жағдай қырық құбылып тұр. Әсіресе Шығыс Еуропаның шырқын кетіріп, күллі әлемнің назарын өзіне аударған Ресей-Украина қақтығысы басталғаннан бері әлемнен тыныштық кетіп, барлық құрлықта жарыса қарулану тағы өршіді. Bloomberg агенттігінің мәліметіне қарағанда, қазіргі уақытта әлемде ірілі-ұсақты 183 әскери қақтығыс болуда. Қарулы қақтығыстан көз жұматындар саны да 14 пайызға артқан. Бұл соңғы 30 жылдағы рекордтық көрсеткіш саналады.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

### УКРАИНА ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЛДІ

Украинада сұрапыл соғыс жүріп жатқанына 660 күн болды. Днепр өзенін шекара етіп шеп құрған екі жақ та қазір бір-бірін ала алмай тұр. Украинаның қарымта шабуылы сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, Ресей майданның барлық шебінде шабуылды үдетті.

Сарапшылар Ресей Қарулы күштерінің шабуылды үдетуін үш үлкен себеппен байланыстырып отыр. Біріншіден, келер жылы 17 наурызда Ресейде президент сайлауы өтпек. Бұл сайлауда басты үміткер тағы да Путин болғалы тұр. Ресей армиясы осы сайлаудың қарсаңында Украинаның шығысындағы бірнеше қаланы (Авдеевка, Лиман, Купянск) басып алып, халықтың қолдауына ие болғысы келеді. Екіншіден, Таяу Шығыстағы шиеленіске байланысты одақтас елдердің Украинаны қолдауы азайып, қару-жарақ таппшылығы байқала бастады. Ресей осы ұрымтал сәтті ұтымды пайдаланғысы келеді. Үшіншіден, Ресей соққыны үдету арқылы қыстың қыспағында қиналған Украинаны келісімге келуге мәжбүрлемек. Ресейдің мұндағы негізгі мақсаты – Қырымды басы бүтін Ресейге тәуелді етіп, басып алған 4 облыста референдум өткізу арқылы «заңды» түрде өзіне қосып алу. Ал Украина мүнымен мүлде келіспей, «Қырымнан бастап әскерінді әкет» деген тағы талап қойып отыр. Бұл арада Украинаның басты ойлап отырғаны – жерін жаудан толық тазартып, НАТО-ға кіру арқылы Ресейдің құқайы мен әлімжеттігінен біржола құтылу. Оны Ресей де сезіп отыр, сондықтан олар Украинаны НАТО-ға кіргізбей, уақытша болса да ұстап тұрудың бірден-бір жолы ретінде әзірге басып алған аймақтарын қандай бодау берсе де, өз бақылауында ұстап тұруға тырысады. Бұған генерал, Ресейдің бұрынғы ІІМ министрі Анатолий Куликовтың «Бізге міндетті түрде Украинаның Николаев облысы, Одесса облысы керек. НАТО Украинаны қосып алмауы үшін бізге осы аймақтар міндетті түрде қарауы тиіс» деген сөзі айғақ.

### КӨМЕК КЕЛМЕСЕ, КЕРІ ШЕГІНЕ МЕ?

Украина АҚШ бастаған Батыс елдерінің қуатты қолдауының арқасында Ресейдің алғашқы шабуылын сәтті тойтарғанмен, АҚШ-тың назары Таяу Шығысқа ауғанда, Украинаға келіп жатқан көмек күрт азайды. Әсіресе Республика партиясының өкілдері АҚШ-тың шекара қауіпсіздігі мәселесін (Мексика шекарасын бақылауға қатысты) алға тартып, Украинаға көмек беруге кедергі жасауы «біздің Израильге де, Украинаға да қатар көмек жасауға қуатымыз жетеді» деген Байден билігін ыңғайсыз жағдайда қалдырды. Дегенмен Байден республикашылардың талабымен келісе отырып, Украинаға көмек беруді жалғастыруға тырысуда. Өйткені «АҚШ Украинаны Ресеймен соғыста жолда қалдырса, әлемге қарабет болады!» деп Украинаның экс-президенті Леонид Кучма айтқандай, АҚШ Украинаға көмек бермесе, әлем алдында масқара болып, Ресейдің мейманасы тасығалы тұр.

Батыстан келетін көмек күрт азайған кезде, Украина билеушілері де жан-жаққа шапқылап, дипломатия арнасы арқылы келетін көмекті көбейтуге кірісті. Мәселен, Украина басшысы Зеленский өткен аптаның соңында Аргентина президентінің ұлықтау рәсіміне барды. Осы сапарында ол Венгрия премьерімен жолығып, сөйлесті. Бұл кездесу тағдыры қыл үстінде тұрған Украина үшін айрықша маңызды. Өйткені Венгрия институтының халықаралық қатынастар өкілдері мен АҚШ-тағы Венгрия елшілігі өкілдері Вашингтон тарапынан Украинаға берілетін көмекті түбегейлі тоқтатуға тырысуда. Олар Республика партиясының өкілдерімен де кездесіп, конгрестен қаржы бөлуді тоқтатуға шақырмақ. Ал Венгрия басшысы Орбан болса соғыс басталғаннан бері ЕО-ның Украинаға беретін қаржысын бұғаттауға барын салуда.

Украинаны қолдау ісінде бастапқыда әліптің артын баққан Германия соңғы кездері Киевке белсенді көмек бере бастады. Өткен жексенбі күні Германия канцлері Олаф Шольц «Жыл аяқталғанша Киевке тағы көмек беруді қарастырудамыз. 2024 жылы Украинаға берілетін көмекті еселеп арттырамыз. Соның ішінде 200 мың артиллериялық снарядты табыстаймыз» деп мәлімдеді. Польшаның жаңадан сайланған премьері Дональд Туск те «Біз еркін әлемді, Батыс әлемін Ресей агрессиясына қарсы Украинаға көмек беруге шақырамыз әрі Украина жағында табандап тұрамыз» деді.

### АҚШ САПАРЫ СӘТІНЕН БОЛА МА?

Аргентинадан кейін Зеленский ат басын АҚШ-қа бұрды. Ол бұл сапарында Байденмен кездесіп, АҚШ конгресінде сөз сөйледі. Ол Вашингтонға келген кезде АҚШ өкілдер палатасының спикері Майк Джонсон «Украинаға берілетін кез келген көмек пакеті АҚШ шекарасының қауіпсіздігін қатаң сақтауды қамтуы керек» деп мәлімдеді.

Вашингтонда Зеленский журналистермен де кездесіп, сұхбат беріп, «Киев Ресеймен компромиске келмейді! Путин Украинаның тәуелсіз мемлекет болғанын қаламайды. Ол Украинаны Ресейдің федерациясы ретінде көргісі келеді. Мен оған көнбеймін! Өз халқымды саудалай алмаймын!» деп өз ойын ашық айтты. Сонымен қатар ол АҚШ-қа арқа сүйемесе, Украина жағдайының мүшкіл екенін де жасырған жоқ. Айта кетейік, соғыс басталғаннан бері АҚШ Украинаға 110 миллиард доллар көмек берді. Байден Зеленскиймен кездесерден біраз бұрын жалпы сомасы 200 миллион долларды құрайтын көмек беру құжатына қол қойды. Ал конгресс 60 миллиард долларлық көмек пакетін әлі талқылап жатыр.

Келер жылы АҚШ-та да президент сайлауы өтеді. Бұрынғы президент Трамп жеңе ме, жоқ Байден орнында қала ма, ол жағы әзірге белгісіз. Дегенмен соңғы сауалнамаларда Трамптың Байденнен 4 пайыз алда екені анықталды. Ал Трамп сайлауда жеңіске жетсе, сыртқы саясатта іске асыратын алғашқы міндеттері ретінде «Украина-Ресей соғысын дереу тоқтататынын», «Израильге көмекті еселеп беріп, Иранға қарсы әрекетін күшейтетінін», «Қытайды экономикалық қыспаққа алуды жалғастырып, шекара күзетін күшейтіп, заңсыз мигранттарды елден дереу шығаратынын» атап өтті. Бірақ оның Украина соғысын қалай тоқтататыны белгісіз. Біздің мөлшерімізше, ол билікке келсе, Украинаға берілетін көмекті мүлдем доғарып, Киевті Ресеймен келісімге келуге еріксіз көндіруге тырысуы әбден мүмкін. Өйткені Қытай мен Ресейге қатар қарсы саясат ұстану АҚШ-тың өзін жарға жығуы ықтимал.

### ГАЗАДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС – УКРАИНАНЫҢ СОРЫ

Зеленский АҚШ БАҚ-ына берген сұхбатында «Израиль-ХАМАС соғысы әлем назарын Украина соғысынан бұрып жатыр. Бізге оның кесірі тиді» деп Таяу Шығыстағы шиеленістің Украинаның уайымын үдеткенін ашық мойындап, «Ресей ХАМАС-ты әскери машықтандырумен айналысып, ХАМАС содырларын жаттықтырды. Қазір де Кремль ХАМАС-ты жақтап жатыр» деп мәлімдеді.

Айтып-айтпай не керек, Газадағы жағдай ушыққалы бері бүкіл әлемнің назары Палестинаға ауды да, Украина көп көңілінен қағыс қалды. Ресейдің тілегені осы болатын. Қазірге дейін Газада қаза тапқандар саны 18430 адамға жетті, 50 мыңнан астам адам жараланды. 5 мыңға жуық адам үйінді астында жатыр. Бірақ соғыстың тоқтайтын түрі жоқ. Керісінше, соғыс Солтүстік Газадан қаланың оңтүстігіне қарай ойысты.

Өткен аптада БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінде Газа секторындағы ұрыс қимылдарын тоқтатуға қатысты қарар дауысқа салынды. БАӘ ұсынған бұл қарарға дауыс берген 15 елдің 13-і соғысты дереу тоқтатуды қолдады. Ұлыбритания қалыс қалса, АҚШ вето құқығын қолданды. АҚШ-тың позициясына байланысты қарар қабылданбады. АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен де «Газа секторында ұрыс қимылдарын тоқтатуға қарсымыз! ХАМАС-ты толық жеңбесе, сол аймақтағы проблема ұзақ жылдарға созылады» деп мәлімдеді. Демек, Газадағы соғысты тоқтатуға АҚШ-та мүдделі емес екенін, сондай-ақ АҚШ үшін Украинадан гөрі Израиль маңызды орында тұратынын ойласақ, Газадағы соғыстың тоқтамауы Палестина халқы мен Украинаның сорын қайнатқалы тұр.

### СОҒЫС АУҚЫМЫ КЕҢЕЙІП БАРАДЫ

Таяу Шығыстағы қақтығысқа енді йемендік хуситтер мен ливандық хезболла да араласуы мүмкін. Хуситтер өткен аптада әскери шеру өткізіп, Израильмен тікелей соғысу ықтималы жоғары екенін ашып айтты. Дүйсенбі күні олар норвегиялық «Strinda» мұнай тасушы танкеріне шабуыл жасады. Норвегия бұл жағдайға қатысты әлі пікір білдірмеді, ал хуситтер «Израильге мұнай таситын барлық кемені атқылаймыз» деп мәлімдеме жасады. Қазір Сауд Арабиясы, БАӘ және АҚШ Йемендегі хуситтерге қарсы операцияға дайындалуда деген сыбыс бар. Соңғы аптада үш елдің әскери басшылары бірнеше мәрте бас қосып, жоспарды талқылаған.

Сейсенбі күні Израиль Ливан үкіметіне 48 сағат уақыт беріп, ультиматум қойды. Осы уақыт ішінде Ливан үкіметі Газада соғыс басталғаннан бері Израиль аумағын атқылаған хезболла жасағын солтүстік шекарадан алып кетуі керек. Өйтпеген жағдайда, қақтығыс күшейеді.

Ал Латын Америкасында Гайана мен Венесуэла арасында қарулы қақтығыс басталып кетудің аз-ақ алдында тұр. Себебі соңғы кездері екі елдің Эссекибо аймағы үшін таласы күшейді. Венесуэлада осыдан екі апта бұрын өткен референдумда ел халқының 90 пайызы Гайананың 3/4 бөлігін өздеріне қосып алуды жақтап дауыс берді. Осыдан кейін Венесуэла басшысы Мадуро Гайананың Эссекибо аймағын 24-штат деп жариялаған құжатқа қол қойды. Ол Венесуэланың мұнай компанияларына үш айдан кейін Эссекибо аймағына кіріп, мұнай бұрғылауы тиіс, Гайана үш айдың ішінде аймақтағы мұнайды игеруді тоқтатуы қажет деп мәлімдеді. Сонымен қатар ол Венесуэла әскерін соғыс жағдайына келтіріп, Гайанаға басып кіретін сыңай танытты. Гайана президенті де әскерінің елді қорғауға дайын екенін айтып, АҚШ, Франция, Ұлыбритания және Бразилиядан көмек сұрайтынын мәлімдеді. Қазірдің өзінде бірқатар ел Венесуэланың әрекетін қатаң айыптауда. Ұлыбритания соғыс бола қалса, Гайанаға әскери көмек беретінін ресми мәлімдеді. АҚШ жергілікті әскерилерді жаттықтыру үшін 800 америкалық офицерді аттандырды. Енді тура Қырымда референдум арқылы орын алған оқиға Гайана басына түсейін деп тұрған сияқты. Гайана президенті Ирфаан Али Зеленский секілді бола ала ма, Гайананың 1 млн халқы 21 млн халқы бар Венесуэлаға төтеп бере ала ма? Мәселе сонда. Дегенмен АҚШ-тың үйлестіруімен бүгін екі ел басшысы кездесіп, келіссөз өткізеді. Егер келісімге келе алмаса, онда бұл екі ел де бір-біріне қару сілтейді.

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### КӨНЕ МЕШІТ ҚИРАДЫ

Израиль әскери ұшақтары Газа қаласындағы ең көне әрі ең үлкен мешітті қиратты.



Аумағы шамамен 4100 шаршы метрді құрайтын Омар мешіті 1400 жылдан астам уақыт бұрын салынған. ХАМАС Израиль армиясының осы уақытқа дейін Газа секторындағы 104 мешіт пен 3 шіркеуді қиратқанын атап өтті.

Палестинаның Мәдениет министрі Атеф Әбу Сейфтің айтуынша, Израиль шабуылдары Газа қаласының ескі кварталының көп бөлігін, соның ішінде тарихи ғимараттар, мешіттер, мұражайлар және археологиялық орындардың күл-талқанын шығарды.

### ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ

Анев түркі әлемінің мәдени астанасы атанды. Әзербайжанның Шуша қаласында өткен халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының 5 жылда бір табысталатын түркі әлеміне еңбек сіңірген медиаөкілдері де марапатталды.



«Түркі әлемінің мәдени астанасы» жобасының негізі 2010 жылы түркітілдес мемлекеттер басшыларының Ыстанбұлда өткен 10-саммитінде келісілді. Шешімге сәйкес, жыл сайын түркі әлемінің бір қаласы «мәдени астана» боп жарияланады.

### МУЗЫКА – ЖҮРЕКТІҢ ЕМІ

Австралиядағы ауруханаларда балалардың жүрек соғу жиілігін жақсарту және тұрақтандыру үшін музыкалық терапия енгізілген.



Жан тыныштығына бөлейтін әдіс шақалақтардың жетілмеген жүрегін қалыпқа келтіріп, өмірін аман алып қалуға ықпал етеді. Бұл техника 30 жылдан бері медицинада қолданылып жүр. Осы күнге дейін 750-ге жуық бала дертінен айыққан. Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар бүлдіршіндерді емдеуде де оң нәтиже беріп келеді дейді дәрігерлер.

№148 (4581) 14/12/2023 Бейсенбі

2008 жылдары қызметін бастап 12 жыл бойы халықтың ақшасын сорған «L-Капитал» компаниясының құрығына елімізде 400 мыңнан астам түсіп, аталған компания халыққа 10 млрд теңге шығын келтірген. 2021 жылдан бастап миллиондаған теңгелерін қайтара алмаған мыңдаған адамдар шу көтеріп, арызданып, компанияның жекелеген жетекшілері бойынша тергеу басталған. Алайда бүгінге дейін ақшасын қайтара алмай жүрген азаматтар әлі де бұл компанияның ісі сотқа жетпей, Негізгі сот талқылауы басталмай отырғанына алаңдаулы.



# «L-КАПИТАЛ» «ҚҰРБАНДАРЫ» ӘДІЛДІК СҰРАЙДЫ

**Райхан РАХМЕТОВА**

Осы компанияға 2018 жылы пәтерін сатып, 50 мың долларын салған Индира Батырбекова сеніміне кіріп, соңынан қалмай қойған жақын көршісіне сенгенін айтады.

– Қыздарымыз бірге өскен Жанар деген жақын көршім еді. Осы туралы айта бастады ақырындап. Басында мән берген жоқпын. Пакеттері бар, акциясын сатып алсаң балаларың өсіп келе жатыр ғой, көбейтіп аласың деп қоймады. Менде ақша бар екенін біледі. Тұрмысым жаман болған жоқ. Содан басында айына 20 мың теңгеден құйып тұратын пакетін аштым. Үйді кеңейтем деп пәтер сатқалы жүргенімді естіп алған әлгі көршім тағы қасымнан шықпады. Доллармен салсаң, бірнеше еселеп қайтарасың деді. «Мен де сөйткенмін, міне, қазір жағдайым өте жақсы» деп, қайта-қайта миыма құя берді. Тіпті кейде оны көрсем қашатын болдым. Ақыры айналдырып, үйімді сатып, салдырды. Әзірге бір жылдай пәтер жалдап тұра тұр деді. Сеніп үйіне қалай ақшамды апарғанымды білмей қалдым. Келісімшартқа артынан қол қоямыз деді де, содан ақыры бермеді. Көрген сайын, «Жанар, не болды, ақша тұр ма?» десем, «иә, тұр, арасында керек болса шетінен шешіп ала аласың» деп, содан қызыма ота жасау керек болып, 3 мың доллар шешіп алдым. 2019 жыл өтіп кетті. Бір жылға салам, шешіп алам деп едім, сен келісімшартты тағы ұзарт, сонда 30 пайызбен көбейтіп аласың деді. Көршім ғой деп сендім, майын тамызып сөйлегенде әбден сендіреді. Ақшамның өскенін бір қағаздан көрсетеді, болды. Сосын «Қой, мен жұмыссыз едім, жұмысқа кіргізші сол компанияға» дедім. Жұмысқа кірдім. Сөйтсем, оларда «бардак» 2018 жылдың аяғында-ақ басталған екен. Бірақ өздері карантин кезінде зауыт, фабрикаларының жұмысы тоқтап, содан жұмыс жүрмеді деп келтіреді. Ал шындығында сол кезде ірі ақша салғандар ақшаны шеше бастаған. Содан басқа кейінгі келгендерге ақшаларын бере алмай бастаған. Азғантай беріп алдап қояды, көп ақша сұрасаң жоқ. Содан адамдардың уайымы күшейеді. Ақша сұрайтындардың ұзын-сонар кезегі пайда болды. Менің жұмысым сондай адамдардың тізімін дайындап, кезегімен ақшасын беру еді. Алдап-сулап адамдардың ақшасын басқа бағдарламаға салдық деп ақша бермеудің жолын ойластырғанын ішінде жүріп біліп, сонда ғана бәрін түсіндім. Мен содан керісінше ала алмай жүрген біраз адамның ақшасын алып бердім, содан оларға ұнамай қалдым. Бірақ өз ақшамды ала алмадым. Көп былықтарын біліп алдым, бұлар нағыз қаржы пирамидасы. Зауыттарымыз бар деп жүргені кішкентай бір цехтар екен. Олар үлкен табыс әкелмейді. Соншама адамдар қанша ақша салып жатыр, ол қаржыны бұлар не өсірмейді, не өндірмейді. Ең басында тұрған, осыны ашқан адам қазір шетелде қашып жүр. 12 жылдан бері тамырын тереңдетіп, байланыстарын нығайтып алған. Иә сот жоқ, иә заң жоқ бұларға, – дейді зардап шегуші.

Бірнеше баппен компанияның 6 жетекші қызметкеріне 2021 жылдары тергеу басталады, соның өзін арызданушылар әрең бастатқан. Индира бірінші болып арыз жазған. Себебі қайта-қайта барып, ақшасын қайтара алмаған. Ол сияқты адамдар көбейіп, өздері Ватсап чат ашты, бірігіп үндеу жазды. Бір өкiніштісі, соңғыларын компанияға тартып, әрі өздерінің ақшасын қайтарып алып үлгергендер бөлек топ болып, бұларға қарсы шығуда. Компанияға түскен қыруар ақша берген уәдеге сай инвестициялық айналымға түспеген, бірінің ақшасын біріне берген, көз қылып көрсету үшін дайындаған адамдарды шетелге тегін апаруға, танымал өнер жұлдыздары арқылы жарнама жасатуға кеткен.

– Жарнамаға жұмсаған. Біреуден алып, біреуге беріп отырған, болды. Сотқа іс түсті, бірақ судья анаусы жоқ, мынаусы жоқ деп қайтарып отыр. Негізгі сот талқылауы басталмай отыр. Бізді сол қинайды, үш жылдан бері күресіп келеміз. Істі дұрыс жүргізбейді. Біздің сөзімізді тыңдағысы келмейді. Бірақ біз әлі де қарап отырмаймыз, күресті жалғастырамыз, – дейді Индира.

Осы алаяқ компанияның құрығына түскен астаналық Асылым Молдамұратованың айтуынша, бұған оны немере әпкесі тартқан.

– Әпкем бұрыннан осы компанияға кір дейтін. Күйеуі, қызы үшеуі қосылып кіріп, айына 20 мыңнан салып 3 жарым жылда 1 млн теңге алыпты. Банктің депозит пайызынан пайызы жоғары деді. Миллион алғандарын өз көзіммен көрсем де салмай жүрдім қашып. Бір күні әпкем «Сенің атыңнан шот ашып, 20 мың құйып бастадым, әйтпесе жүре бересің» деді. Мен 2017 жылы қазан айында кірдім. Ол кезде пирамида деген әңгіме жоқ. Карантин кезінде «L-капитал» қаржы пирамидасы екен, салғандар өз ақшасын ала алмай жатыр екен деген сыбыс естідім. Әпкем үндемеген соң 2020 жылдың қаңтарына дейін салдым да тоқтаттым, ол кезде салған ақшам 700 мың теңгедей болды. Ала алмайтынымды сол кезде түсіндім. Пирамида екенін білген сәттен салма деп айтпаған әпкеме қатты ренжідім. Ол кісінің ұпайы түгел екен, 2019 жылы жазда 5 млн ақшасын алған. «Кейін қайтарып береді екен, арыз жаздық» деді, бірақ нәтиже нөл. Компания қайта ашылса, ақшаны алуға болады екен дегенді де естідік. Мен арызданбадым, себебі ақшаны ешкім қайтармайды. Сала берер ме едім, болашақ күйеуім тоқтата сал деді, сөйтсем ол зерттеп, бәрін біліпті, – дейді астаналық тұрғын.

Компанияға 2016 жылдары үйін сатып, 11 млн теңгесін салған Әйгерім Битанова да – ақшасын қайтара алмаған зардап шегушілердің бірі. Оған кафеде отырғанда түр сипаты келіскен адамдар келіп, осы компанияға шақырады. Айтқандарына сенген ол басында 20 мың теңгеден салатын пакетін ашады. Мамандығы әнші болғандықтан, оны шетелдерге көшпелі семинарларына тегін апарады. Сөйтіп сенімге кіріп, оның пәтерін сататынын біліп, ақшасын осыған салғызады.

– 9 деңгей бар, семинарларында біреулер қымбат сағат, біреулер машина алып жатады. Артынан қанша адам әкелгеніне қарай солай ынталандырады. Үш рет шетелге барып келдім. Мені шақырғаны әншілігім үшін деп ойлайтынмын. 8 айдан кейін ақшамды шешіп алдым. Көп емес еді. Құрылыс, көлік саласында инвестиция саламыз деп, түрлі бағдарламалары бар екенін айтатын. Түрлі сыйлықтар бар деп қызықтыратын. Айдын деген спонсорым үйімді сатқалы жүргенімді білетін. Соны ең дұрысы осында сал деп көндіре бастады. 11 млн теңгені 30 млн етіп қайтарып аласың деді. 2 млн теңгесін әзірге үй жалдауға алып қалуға кеңес берді. Сөйтіп, салдым. 2020 жылдары ақшадан қинала бастап, шешіп алайын десем, карантинге байланысты зауыттар жұмысы тоқтап тұр деп, кішкене күтуімді сұрады. Бір кезде мен қайта-қайта соғып, ала алмағасын кеңселеріне барып айқай шығардым. Екі балам бар, жалғызбастымын, үй жалдап қиналып кеттім дедім. Содан зорға деп 900 мың теңге шығартып алдым. Сөйтсем, 2021 жылы ақпанда компанияға адамдар арыздана бастаған екен, – дейді ол.

Компанияның агенттері, директорлары елдің түкпір-түкпірінде халықты алдап, ақша салғызумен айналысқан. Олардың қатарына мұғалімдер, мектеп директорлары, дәрігерлер, әскери қызметкерлер де өтіп, ақшасын салып, жақындарын осыған тартқан.

**P.S:** ***Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдаулары мен маңызды отырыстарда қаржы пирамидасының қызметі мен алаяқтардың қитұрқы әрекеттерінің жолын кесу жұмыстарын күшейтуді талап етеді. Аталған компаниядан зардап шегушілер Президент тапсырмасына сәйкес жергілікті жерлерде осы ұйымға қатысты тергеу амалдары қитұрқы, бұрмалаусыз жүргізіліп, Негізгі сот талқылауы әділ өтуін, салған ақша қайтарылып, басты кінәлілер тиісті жазасын алуын сұрайды.***

# ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ АЛАЯҚТЫҚТАН САҚТАЙДЫ

Банктер мен микроқаржы ұйымдарынан қаптатып несие алып, қаржы пирамидалары мен желілік маркетингтердің тұзағына түсіп, әртүрлі алдамшы бизнес-схемалардың шырмауында қалып, қас пен көздің арасында қыруар қаржысынан айырылып қалып жатқандар қазірде көп. Осының бәрі – қаржылық амалды ойланбаудың салдары.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Статистикалық деректерге сүйенсек, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі соңғы жылдары елдегі қаржылық сауаттылық деңгейі 2,82%-ға артқанын айтады. Мәселен, 2020 жылы қаржылық сауат деңгейі 39,07% болса, ал 2021 жылы жүргізілген әлеуметтік зерттеуге сәйкес 39,52%-ға жеткен. Былтыр елімізде халықтың қаржылық сауаттылық индексі 40,2% деңгейінде бағаланды. Агенттіктің болжамынша, 2024 жылы бұл көрсеткіш 41%-ға дейін көтерілмек.

Елімізде халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін 2020 жылғы мамырда Үкіметтің қаулысымен Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамада цифрлық арналар арқылы тұтынушылардың қаржы өнімдері туралы хабардар болуын арттыру және халықтың нысаналы топтарының қаржылық білімін көбейту деген негізгі бағыттар бар. Құжатты іске асыру арқылы тұтынушылардың қаржылық білімін жақсартуға, олардың құқығы мен мүддесін қорғауға, қаржы өнімдерінің қолжетімділігін жеңілдетуге және қаржы жүйесіне деген сенімді арттыруға мүмкіндік береді. Осы бағытта агенттік www.fingramota.kz сайтын скеасыруда. Ақпараттық портал қаржылық сауаттылық деңгейі әртүрлі аудиторияға арналады.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Астана қаласындағы өңірлік өкілдері басқармасының бастығы Рустам Ғабдулқафеевтің сөзінше, халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі бірқатар іс-шаралар қарастырылды.

«Сауатты болу – жас талғамайтын, кезек күттірмейтін маңызды міндет. Бұл – ұзақ мерзімді әрі тиімді тәсілдердің бірі. Қаржылық жоспарлау әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Ал қаржылық жоспарлау дегеніміз – кірістер мен шығыстарды дұрыс басқару. Қаржылық жоспарлау сияқты процестің нәтижесіне қол жеткізу үшін адам алдымен жеке жоспар құруы керек. Осыған байланысты қаражатты жұмсай білу, түбіртек талап ету секілді дүниелер бала кезден қалыптасу керек. Бұл ретте мектеп жасындағы балаларға, атап айтқанда, бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларына арналған балалар басылымын шығарып, қаржылық сауаттылық жөніндегі қосымша әзірлеу жоспарланып отыр. Бастауыш және орта сынып оқушылары үшін YouTube және Aitube платформаларында орналастырылатын «FinIQ Kids» мультипликациялық бағдарламалар сериясын, «Дружные ребята», «Ұлан» және «Ойла» республикалық балалар басылымдарында танымдық және жеңіл мақалалар түрінде бірқатар бағдарламалар әзірленді» дейді спикер.

Халықтың қаржылық білімін арттыру үшін оқушыларға, студенттерге және ересек адамдарға қаржылық сауаттылық бойынша оқыту іс-шараларын өткізудің бірыңғай жоспары әзірленді. Еліміздің жетекші жоғары оқу орны студенттері үшін «Қаржылық сауаттылық негіздері», «Кредиттік жауапкершілік», «Қауіпсіз төлемдер мен аударымдар», «Банк карталарымен жасалатын алаяқтық» және басқа да тақырыптар бойынша оқыту іс-шаралары өткізіледі.

Ғаламтор арқылы киберқылмыскерлер интернетте алдаудың барлық жаңа түрін ойлап табуды белсенді түрде қолға алған. Мәселен, биыл Астанада ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалатын 3700-ден астам қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. Азаматтарға келтірілген залал 2 млрд 600 млн теңгеден асады. Бұл туралы Астана қаласы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының бастығы Дастан Қалиев мәлімдеді.

«Ұрлық, тонау сияқты дәстүрлі қылмыстардан интернетті қолданатын құқық бұзушылықтар жыл сайын өсіп келеді. Тәжірибе көрсеткендей, шабуылдаушылардың қолынан зардап шеккендердің бәрі бірдей құқық қорғау органдарына жүгінбейді. Тиісінше, нақты статистика тұрақсыз және зардап шеккендердің саны қандай екенін тек болжауға болады. Адамдардың қаржы пирамидасына қаражат беруінің бірнеше себептері бар. Біріншіден, салымшының көбі – жұмыс істемейтін, егде жастағы адамдар. Екіншіден, бұл – өзгелердің сөзіне иланатындар. Үшіншіден, өзін басқаларға қарағанда ақылды және айлакер деп санайтындар. Шын мәнінде, мұндай адамды алдау әлдеқайда оңай. Төртіншіден, жастар арасында қаржылық сауаттылықтың болмауы, тез ақша табуға деген құштарлық оларды жарға итермелейді. Үлкен пайызбен көп несие алудан арыла алмай келе жатқан адамдар оны жабу үшін тағы қарыз алады. Демек, артық сатып алудан аулақ болу немесе алаяқтың қолына түспеу үшін мұқият болуды және қаржылық тәртіпті дамыту қажет» дейді Д.Қалиев.

Елордалық Полиция департаменті қала әкімдігімен бірлесіп тұрақты негізде интернет-алаяқтықты азайтуға және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған алдын алу іс-шараларын жүргізуде. Дәрістер, оның ішінде орта және жоғары білім беру мекемелерінің мектеп оқушыларымен, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың қызметкерлерімен «алаяқтардың айла-амалдарына қалай түспеуге және өз жинақтарын қалай үнемдеуге болады» тақырыбында іс-шаралар өткізіледі. Көпшілік жиналатын орындарда волонтерлік қозғалыстарымен бірлесіп, ақпараттық-профилактикалық сипаттағы буклеттер таратылады, көшелерде трафареттерді пайдалана отырып ескерту жазулары жазылады.

– Қаржылай сауатсыз азаматтармен әңгімелесу барысында интернет алаяқтар банктік шоттарды пайдалана отырып жүргізілетін рұқсат етілмеген алаяқтық операциялар, яғни қоңырау шалған адамға қарыздарды ресімдеу туралы хабарлайды. Бұл жағдайда әңгімені үзіп, дереу ПД хабарлау қажет. Ешқандай жағдайда дүрбелеңге түспеңіз, өйткені бірінші кезекте алаяқтар әңгімелесушінің бағытын өзгертуге тырысып, банктік шоттар мен келіп түскен СМС-хабарламалар бойынша барлық мүмкін мәліметтерді өшіруге тырысады. Сол сияқты AnyDesk, RustDesk, TeamViewer сияқты қашықтан басқарылатын мобильді қолданбаларды орнатпаңыз. Қаржылық қызметтерді ұсынатын қосымшалардың қалай жұмыс істейтінін білу, қосымшада немесе платформада шот ашу, мәзірді басқару, қаржы операциясын қалай бастау, аяқтау, түзету немесе жою керегін білу қажет. Сандық қаржылық қызметтер кез келген жағдайды байсалды бағалауға және алаяқтардың тұзағына түспеуге мүмкіндік береді, – деп ескертті полиция полковнигі.



egemen.kz

№148 (4581) 14/12/2023 Бейсенбі

Бір күні қара шаңырақ басылым – «Егемендегі» басшымыз Ержұман Смайыл «мына мақаланы қарап шық, әділ бағаңды айт» деді. Соңына қарасам «Жақсыбай Самрат» деп тұр. «Бұл авторды білемін, «Бітеу жара» романын оқыған едім» дедім. Ер аға сәл ойланып отырды да, «ақиқатын ғана айт!» деді тағы.

# ТУРАШЫЛДЫҚ – ТҰҒЫРЫ



«Егемен Қазақстанмен» бірге елордаға көшіп барғаннан кейін, Ербол дос (Шаймерденұлы) «Біздің қызылжарлық қаламгер бауырымыз бір керемет роман жазыпты, сен де оқып шық» деп қарақошқыл түсті «Бітеу жараны» ұсынды. Белгілі саяси қайраткерлердің аты-жөні кітапта бадырайып тұр. Империяның имансыздығына жастар тобыр болып емес, саналы түрде шыққанын, оянған ұрпақтың жанкешті ұмтылысын кейіпкерлердің қайсарлығы арқылы суреттейді. Сұрқай саясатқа ашынып алаңға шығу ерлік екенін, ерлік жолы ауыр болатынын, Желтоқсан көтерілісінде жастардың небір қатыгездікті, жосықсыз азапты басынан өткергенін шытырман оқиғалар желісі арқылы баяндайды. Алматыдан алыста жатып осындай соны соқпақпен сүбелі дүние жазған азаматтың қолдағы мақаласына үңілгенімізде, айтары дәйекті, бағыты айқын екеніне көз жеткіздік. Ер ағаға ақиқат сөзімізді айттық.

Жәкең бас басылымның табалдырығын жалтақтамай, нық басып аттады.

Әріптесіміздің бойы шағын болғанмен, ой-өресі биік. Екі тілге бірдей жүйрік. Етектен төрге озады, төрден өрге өрлейді. Нөмір сайын мақалалары шығып жатады. Тақырыбы сан саланы қамтиды. Терең талдаулары тәнті етеді. Экономиканы еңсеріп, саясатты да саралайды. Философияның иірімдеріне еркін бойлайды. Тындырымды, тиянақты. Басын қара мақала етіп бастап, соңына таман келгенде өз пікірін бүкпей жеткізеді. Осылай болса ұтылмас едік дегенді білдіреді. Бұл жан-жақты білімдіге тән қасиет екені анық. Турашылдығы бөлек. Бүгежектемейді. Кей тұста олай емес, былай болу керек деп төтесінен тартады. Жалпақтау жайлаған уақытта ондай мінез кімге ұнай қойсын. Ескерту алса да адами қалпынан тайғанақтағанын көрмедік. Баяғы табандылық, талапқа бағыну. Шындықты төте жеткізу.

Жақсыбай Самрат заманауи техниканың «тілін» жетік біліп, дер кезінде басылымға жылдам ақпарат беру ісіндегі ұшқырлығын ескергендіктен шығар, басшылық оны он жылдай Президент пулына қосты. Елбасының, Парламент, Үкімет мүшелерінің әлемдік деңгейдегі сапарларында бірге жүріп, терең талдаулар, жан-жақты қамтылған сараптамалар жазып, арасында ат басын тіреген жұрттардың айтулы азаматтарынан да жедел сұхбаттар жүргізгеніне талай куә болдық. Алқалы жиындарда, баспасөз мәслихаттарында «оғаш» сұрақтар қойып, «мұның не?!» деген ескерту естіп қалған кездері де аз болмаушы еді. Ол қыңырлығынан емес, ақиқаттан аттап өте алмай, турашылдық тұғырым дегендіктен еді.

Осы арада мына түйген ойымызды ортаға сала кетелік. Елдікке қол жеткізгенге дейін, өзгелер үстемдік етіп тұрған тұста, солтүстіктегі ұлтым деген рухты азаматтар: «Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі» (А.Байтұрсынұлы) деп ниеті бөлек, тілегі тымырсық талайлармен тайталасып-ақ баққан. Солардың бірі осы Жақаң десек, артық айтқандық емес. Петропавл деп жалпақтамай, Қызылжар деп, «Қызылжарың не?» деп ежірейгендерден, «Қызылжар» деп жазса «Жоғарыдан бекітілгені Петропавл емес пе?» деп түзеп-күзеушілерден қыңбай, сөз таластырғанын талай естідік. Мұны естілік деп білеміз. Ол мақалаларынан ғана емес, көркем шығармаларынан да айқын көрініп тұрады.

Бір жолы оның мақалалары мен кітаптарындағы бұрмасыз

> Өзіндік бағыты айқын, айтары бар азаматтың адами болмысы да бөлек. Біз оны екі он жылдай қатар жүргенде аңғардық. Ең бастысы, жағдайға қарай құбыла кетуден аулақ қасиеті бағалауға тұрарлық. Содан да болар, әлде турашыл мінезінен бе екен, Ер аға (Смайыл) Жақаңды ерекше көретін. Жақаң да әдебінен, ізетінен жаңылмай жүретін

заман сөзіне, өмір суреттеріне бойлап барып, қаламгердің өткен жолына зер салсақ, ормандай диаспора ортасында ертеңгі күнкөрісім қалай болады деп ықтап кетпей, ана тілім арым деп, қазақ мектебін бітіріпті. Жоғары оқу орнына сынақ тапсырады. Басқа пәннен шауып өтеді. Орыс тілінен диктант жаздырады. Құлайды. Сол жылы қаржы-экономика техникумына түседі. Бітірген соң осы салада біраз жыл қызмет етеді, басшылық қызметтерге жетеді. Ревизор болып жүргенде кеңірдегі кеңдердің кеңірдегіне тығын тығып, мемлекет қаржысын қайтартады. Есеп-қисап саласына барғанда да әділдіктен айнымайды. Диктанттан құлаған ол тілді тіл иесінен асыра біліп, қыңыр тартқандарды түзеп жүреді.

Жоғары білімге қайта талпынады. Қазіргі әл-Фараби университетінің философия-экономика факультетінде оқиды. Бұл факультетке екінің бірінің қолы жете бермейтіні белгілі. Бар болғаны он талапкер қабылдайды. Оның бірі болу оңай ма?

Журналистің өмірлік арманы қаламгерлік болатын. Жабайы жекешелендірудің зардабы Жақаңды да айналып өтпейді. Қалам қаруына қол созады. «Бітеу жараны» жазып, жарыққа шығарады.

Бұдан кейінгі сансыз сапырылыстар да ет жүректің тынымын алып, санасын тербеп, ой пернесі көңіліне тыным бермейді. Сол құбылған заман кейпінің ой-қырына «Өзгеленді бұл ғалам» романында тереңдеп барады. Оны бір белеске шығарған соң, қарымды азамат руханият саласына ауысып, облыстық теледидарға қызметке тұрады. Ұзақ уақыт ойына түйіп, көңіл түкпіріне қорғасындай қорытқан тақырыптарды теледидарда тізбектей қозғап, көкейтесті мәселелерді отандық басылымдарда жариялап жатты. Әсіресе Абылайдың ақ үйі туралы толғамдары жұрттың назарын аударып қана қойған жоқ, үлкен қолдау тауып, нәтижесінде абыройымызды асырып, хан үйі қалпына келді. Жеңістің жемісі деген осы.

Жазушы Жақсыбайдың қаламынан туған үш роман да – жақсы бағаланған дүниелер. «Бітеу жара» туралы алда аз-кем айттық. «Өзгеленді бұл ғалам» романында ел болып қалыптасу жылдарындағы қилы кезеңдер, шырмауы қиын шырғаландар баяндалады. Ашық экономика деп айтқанмен, оны өз пайдасына икемдеп, байыған жып-жылмағай су жұқпас жылпос Ходжаев, совет заманының шеңберіне шегеленген, жаңа қадамға икемі кем, «дипломат» арқалап, араны ашылғанды алдап соғатын Ходжаевтардың жетегінде кетіп, халықты азапты күнге әкелген облыс әкімі Шлейхер, қазақтың ту тіккенінен өлердей қорқып, кешегі үстемдігін аңсаған шовинистік топтың жымысқы өкілі Парасюк сияқтылар бейнесін, сол уақыттың елең-алаң шағын нанымды береді. Азаттықты айбыным, кием деп білген Қуандықовтай кейіпкерлер, тоздырған ауылдың қайта қарекетке көше бастағанын Қайыранас тірлігімен дәйектейді. Арандатушыларға алаңдап, таңдаудың қайсысы дұрыс дегенді аңғару қиынға соғып, жол айырығында тұрғандар шоғыры және бар. Соңында ұлт мүддесі дегендер ниетіне жетеді, адасқандар қауымға қосылады. Пиғылы бұзықтардың кететіні кетіп, бұл менің де Отаным дегендер жергілікті жұртпен ынтымақтасады. Сөйтіп, заман ағымы бір арнаға түседі, Отаным Қазақ елі деген саналы жастар сап түзеп шығады.

Бұл шығарманы кезінде қазақтың ғұлама перзенті, ұлтым деп өткен өрен жүйрік, сара саңлақ Амангелді Айталы ағамыз жоғары бағалағанын еске сала кетелік.

Ал үшінші романы «Бұралаң заман» деп аталады. Бұл туындыда да бүгінгі қоғам қайшылықтары, жас азаматтың тағдыр-тәлейі шытырман оқиғалар үстінде суреттеледі. Роман жайлы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті жазушы Тұрысбек Сәукетаев: «...Осы бірер күндікте толық оқып шықтым. Ғанибет күй кештім. Қалыптасқан мықты қалам иесі екенсің. Бас-аяғы жинақы, жұтынып тұрған шап-шағын дүниең роман деуге әбден лайық... Ең бастысы, жалықтырмай, қызықтырып отырады. Неге? Бұл – шеберлік, көркемдік өре. Осы биігіңнен түспе!» депті. Осындай баға алған шығарма, шынында, тартымды оқылады.

Өзіндік бағыты айқын, айтары бар азаматтың адами болмысы да бөлек. Біз оны екі он жылдай қатар жүргенде аңғардық. Ең бастысы, жағдайға қарай құбыла кетуден аулақ қасиеті бағалауға тұрарлық. Содан да болар, әлде турашыл мінезінен бе екен, Ер аға (Смайыл) Жақаңды ерекше көретін. Жақаң да әдебінен, ізетінен жаңылмай жүретін.

Заманауи жазу құралында саусақтары жорғадай жүйткитін, ой иірімі ақ қағаз бетіне шым кестедей түсетін белгілі журналист, қарымды прозашы Жақсыбай Самрат пайғамбар жасынан асып, жеті белеске қарай қадам басып барады. Енді көркем шығарманың көрігін қыздырып, оқырманын бәрекелді дегізер кемел кезеңге жетіп отыр. Жақаңды алдағы уақытта жемісті жылдар жетелей берсін биіктен-биікке дейміз.

**Сүлеймен МӘМЕТ,**
**жазушы-журналист**

---

**Айгүл УАЙС**

# ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ДҮР ҚЫЗДАР



Ал сол қыздардың теңі болар жігіт бар ма?! Көбіне жігіттен гөрі қыздар ширақ, отызында орда бұзбақ түгіл, қырыққа дейін қамал ала алмай жүрген қазақтың жігіттері біз сөз еткелі отырған теңдесі жоқ қыздардың қолына су құюға жарамай жатады. Қыздардың бағының байлануына осы бір әлеуметтік теңсіздік кесірін тигізіп тұр. Әлпештеп баққан қызын ата-анасы да көлденеңнен көк аттыға ұстатып жіберуге қимайды. Өз теңдесін күтіп, болашақ жарын қарапайым, алып бара жатқан қызметі де жоқ жігіттің қатарынан қарастырмайтын дүр қыздардың талабы да басқаша. Игіліктерге қол жеткізген, өзін алақанында аялайтын жігітті іздейді. Мұндай қасиеттердің бәрі бір адамның басында бола бермейтінін ескермейміз. Намысты қыз «осыншама жүргенде тапқаны осы ма?» деп айтатындардан да қаймығады. Қыздар жігіттерге қарағанда табыстылау болып, қыздардың кәсіби мансабы аспандағанмен де, адам жаратылысы өзгерген жоқ. Қыздың бағы жанса, жігіттің өзі тауып алады, ықыласы түссе, таңдайтын да, қыздарға сөз айтатын да жігіттер.

– Қыздар тек шешім қабылдайды, – дейді психолог Мөлдір Сыздықова. – Шешімді әйел қабылдайды, бірақ таңдау – әрқашан ер адамда. Алайда бәрі тағдырға байланысты екеніне де сенімдімін. Сұлулық – уақытша нәрсе, материалдық жетістіктің болғаны да жақсы. Бірақ мұның бәрі аса маңызды емес. Жігіттің жүрегіне жету үшін алдымен қызға тән биязылық, ибалық қажет екенін естен шығармаңыз. Ер мен әйелдің жаратылысы бөлек. Олардың психологиялық ерекшелігі туралы жазылған ғылыми еңбектерді оқып шыққанның артығы жоқ. Кейбір қыздар жігіттермен жақын аралас-құралас болып жүріп те табиғи жаратылысын жақсы түсінеді. Мұны білгеннің де артығы жоқ. Ең бастысы, ер-азаматты тыңдай білген жөн. Адам баласы көбіне өзінен басқа адам туралы білуге онша құлықты болмайды. Сол себепті де орынды болсын, орынсыз жерде өзіңізден басқа жан жоқтай, өзімшілдігіңізді көрсете бермеңіз. Алғаш кездескеннен проблемаларды қозғаудың қажеті жоқ. Қоғамдағы қиындықтардан бастап әлемдегі тұрақсыздық, одан қалды отбасы мен жұмыстағы жайттар көңіл-күйді түсіретіні белгілі. Елестетіп көріңізші, екі бөтен адам алғаш рет кездесті делік. Бір-біріне үйреніп, мінезін білместен өз проблемаларына тарта бастады. Айта кетелік, сіз кездестірген жігіт кем дегенде бір әйелмен оның мәселелерін үнемі тыңдап, оған қамқорлық жасайтын жалғыз анасымен қарым-қатынас жасау тәжірибесінен өткенін ұмытпаңыз. Сондықтан осындай мейірімді болмаса да, қамқор жан екеніңізді білдіргеніңіз дұрыс. Сонымен қатар қолдап, көмектесуге әрқашан дайын екеніңізді сезіну де жігіттің ойын тоқтатуға ықпалы болады. Алдымен сенуі керек. Отбасындағы ортақ мақсат үшін, ортақ құндылық үшін құрбандық деуге аузымыз бармайды, сонда да өзіміздің білгенімізді өз дегенімізді алға шығара бергеннен баянды болашаққа қол жеткізу қиын болар.

> Қырықтың қырқасына жақындап қалған, әлі тұрмысқа шықпаған қыздарды қазіргі күні «кәрі қыз» деуге аузың бармайды. Шетінен әп-әдемі, ақылына көркі сай. Алды шетелден оқып келген, талғамы биік, оп-оңды қызметі бар. Етінің тірілігінен баспанаға қол жеткізіп, жеңіл көлігін де өзі айдап жүр. Ата-анасына салсаңыз, әлдеқашан жалғыз қызының көрпесін тігіп, жасауын дайындап қойған. Тек уақыт өтіп жатыр. Қыз жалғыз. Сыр шашпайды. Сұрап келетін құдалар да көрінбейді. Мінекей, теңдесі жоқ дүр қыздар дейтініміз сондықтан.

Адамның әлеуметтік жағдайы өзгергеннен кейін бойжеткен тұрмысқа шығып, үйлі-баранды болғанда алдында айтқандай жалаң сезіммен жар атанып, әулеттің келіні болуға аздық ететінін де ұмытпаңыз. Бақытты болудың да, үлгілі отбасы құрудың да нақты үлгісі жоқ. Әркім өз отбасындағы көргенін алады. Сол үлгімен жалғастыруға тырысады. Күйеуге шыққаннан кейін жанталасып азаматымен бақталасып, өзінің үстемдігін көрсеткеннен де ұтпайды. Әйел өзін сыйлата білсе жақсы. Дәстүрлі отбасы институтының іргесі осындай негізде құрылады. Басқаша болған жағдайда, онда дәстүрлі институтқа ұқсамай, өзгеше дамуы мүмкін.

Маманның сөзі дұрыс, өмірдің нақты шындығын айтты. Десе де «отырған қыз орнын табады» деген біздің жағдайда жүрмейді. Дұрысы «жатқан тастың астына су ақпайды» деген сөзді ескеріп, әрекет етсе, дүр қыздарымыздың жағдайы біршама жеңілдер еді.

Әдетте, жасы келген қыз ортадан ысырыла береді дейді. Рас. Қатарының көбі шаңырақ құрып, өз басымен әуре болып кеткенде, отырған қыз жұмысбастылыққа салынып, қатар-құрбыларын іздей қоймайды. Бұрындары осындай жалғызбастыларға арналған клубтар болушы еді. Қазір оның бірі жоқ, есесіне «интернеттегі танысу» жолға қойылған. Жалпы ғаламтор адамды жалғыздыққа бастайтын жол сияқты. Бір жағынан алып қарасаңыз, бүкіл әлем қолыңызда, жалғызбыз дейтіндей себеп жоқ. Танысқыңыз келсе, мұхиттың ар жағындағымен де сөйлесе аласыз. Бірақ бұл – алдамшы елес. Осындайда жастарды таныстырып, білістіріп жүретін ағайынның арасында бір пысық жеңгелер болушы еді. Дәл осы жағдайда олардың қызметі аса маңызды. Алайда ол жеңгелер де арты не болар дегендей, екі жасты табыстыруда қорқа соғады. Яғни қыз баланың отбасылы болуына себепкер болатын бір жанашыр жоқ деуге болады. Естуімізше, бұрындары сыйлас достар балаларына жастайынан құда түсіп жатушы еді дейді. Ол да қалған. Бір қызығы, қазіргілердің құдалық туралы пікірі бұрыстау. Ал жастардың өзіне салып, танымайтын, білмейтін жермен құдандалы болып жатудың қиындығы барын соңғы кездегі ажырасу көрсеткішіне қарап бағамдауға болады.

Сонымен не істемек керек?! Мына қоғамда дүр қыздарымыз туралы дерек жоқ. Олар әлеуметтік топтың ешқандай түріне жатпайды. Сол себепті де мемлекет назарында емес, олардың мәселесіне ешкімнің басы ауырмайды. Демек, о бастан отбасы құндылығының өзгерістерге ұшырауының зардабын балаларымыз тартып жүргендей...

# ЕСІРТКІГЕ ЕЛТІМЕЙІК ДЕСЕК...




Биылғы 10 айда Астанада есірткіге қатысты 194 қылмыс тіркелді. Полицейлер есірткі өндіретін 5 зертхананың жұмысын әшкерелеп, соның ішінде 4 фитозертхананы анықтады. Ал күллі ел аумағында 900 келіге жуық синтетика тәркіленді. Бұл дерек Қазақстанның синтетикалық есірткі жасайтын орталыққа айналғанын көрсетеді.
Астанада өткен «Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл» атты Мәжілістегі Үкімет сағатында қазіргі қоғамның ең өзекті, ең күрделі, ең қауіпті мәселесі ашық талқыланды. Өйткені Қазақстанда есірткіге қатысты ахуал күн сайын нашарлап барады. Оның бірнеше себептері бар. Ашық әңгіменің ұзын-ырғасынан ұққанымыз, мемлекетіміздің ертеңіне, балаларымыздың болашағына үлкен қауіп-қатер төніп тұр. Сол қатермен қоғам, ел болып қалай күресеміз деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

### СИНТЕТИКАНЫҢ АЙНАЛЫМЫ 74 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ!

Дүние жүзінде 1000-нан астам есірткінің түрі бар. Ал Қазақстанда шамамен 700-ге жуық есірткі немесе оның баламасы бар. Дәл қазір еліміздегі есірткі ахуалына негізгі үш фактордың қалай әсер еткенін Ішкі істер министрі Ержан Сәденов бүркемелемей ашық айтты. «Осы үш негізгі фактор мыналар: каннабис шикізаты, «Солтүстік бағыт» арқылы өтетін ауған героині, синтетикалық есірткінің таралуы. Еліміздегі есірткі бойынша ахуалдың күрделенуіне қарасақ, мына кезеңдерге бөлуге болады. Бірінші кезең 90-жылдары есірткі нарығында «марихуана», «гашиш», «апиын» көбірек болды және «героиннің» алғашқы партияларының пайда болуымен сипатталады. Екінші кезеңде 2000 жылдары героин нашақорлығы өршіді. Инъекциялық есірткілер сол уақыттың «дерті» болды. Нашақорлар бір шприцті пайдаланғандықтан, қоғамда ВИЧ аурулары тез таралды. Үшінші кезең – 2015 жылдан бүгінге дейін синтетикалық есірткінің жаппай таралуына тап болдық» деді министр.

Ол соңғы 5 жылда синтетикалық есірткіні тәркілеу көлемі 10 келіден 1 тоннаға дейін күрт өскенін мәлімдеді. Бас полицей қазір есірткі қылмыстары толығымен кибер-кеңістікке көшкенін, «батпанқұйрық» бизнестің көрігі әсіресе телеграм-боттарда қызып тұрғанын ашық айтты. Есірткі таратушылар бір-бірін танымайды, барлық байланыс түрлері «боттар» арқылы жүргізіледі. Бұл ретте «крипто-кошелек», «мессенджер» және басқа да инновациялар қолданылады. «Киберқадағалау» жүйесі арқылы анықталған есірткі сайттары бұғатталады. ІІМ бір ғана Телеграмда 1,3 мың интернет-дүкенді жапқан. Бұдан бөлек, чаттар, арналар, сайттар секілді 6 мыңнан аса ақпарат тарататын нысанның жолы кесілген. Тіпті полицейлер бұл іске жасанды интеллектінің көмегін пайдаланбақ. Биыл есірткі өндірушілер мен сатушылардан 900 келі (!) синтетикалық есірткі тәркіленген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 74 пайызға өсіпті. Айналым апаны одан сайын ұлғайып барады.

### ЕСІРТКІ ҚАҒАНДАРЫ СОТТАЛА МА?

Қазақстан есірткінің транзиттік дәлізі қызметін атқарып отыр. Бұған дәлел, трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтардың іс-қимылдарының күшеюі. Еліміз бойынша наркобизнеске қатысты 9 ұйымдасқан қылмыстық топ құрықталған. Олардың ұйымдастырушылары – есірткі қағандары түгел ұсталыпты. Ержан Сәденов биыл осындай 4 трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтың жойылғанын мәлімдеді. «Осы топтардың 14 мүшесі қылмыстық жауапкершілікке тартылды, олардың ішінде 13-і – шетел азаматтары. Олардан шамамен 100 кг «синтетика», 85 тоннадан астам прекурсор, 13 реактор және 1 мыңнан астам зертханалық құрал-жабдық тәркіленді. Құқық қорғау және арнайы органдар барлығы 75 жасырын есірткі зертханасын жойды. 100 тоннадан астам прекурсор тәркіленді. 8 тоннадан астам тұтынуға дайын заттар өндірісінің жолы кесілді. Бұл, шамамен, 25 млн бір реттік дозалар және мыңдаған аман қалған адамдардың өмірі. Өйткені «синтетикалық есірткі» бірден тәуелділікке әкеп соқтырады және денсаулықты құртады» деді министр.

### ЗАҢНАМАҒА ҚАНДАЙ ТҮЗЕТУ ЕНГІЗІЛЕДІ?

Үкімет сағатында есірткіні өндірген және таратқандарды жазалау жүйесін өзгерту мәселесі ашық талқыланды. Ішкі істер министрі Ержан Сәденов қылмыс жасап бірінші рет ұсталған есірткі «жасырушыларды» жауапкершіліктен босатуды ұсынды. «Шынымен қазір есірткі өткізушінің «портреті» өзгерген. Бұл – ауқатты отбасылардан шыққан жастар. Олар үшін интернет-технологияларын белсенді пайдалану – үйреншікті жағдай. Олар «жеңіл ақша табуды» көздеп, құқықтық сауатының төмендігінен осындай әрекетке барады. Бүгінгі дейін кәмелетке толмаған 6 бала сотталды. Тағы 26 жасөспірім жауапкершілікке тартылуда. Депутаттардан осы түзетулерді әділ қарауды сұраймын» деді ол. Министр біздің қоғамда есірткі жасырушыларды (закладчик) жазалаудың тым қатаңдығы туралы мәселе өткір тұрғанын айтты. Бұл жастар мен жасөспірімдерді осы салаға белсенді тартумен байланысты. Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша, еліміздегі ең жас есірткі таратушының жасы – 14-те. Биылғы 10 айда осындай қылмысы үшін 30 кәмелетке толмағандар ұсталған.

Бұған қоса, ІІМ синтетикалық есірткінің көбеюіне орай, есірткі зертханаларын ұйымдастырушыларға жазаны қатайтуды ұсынды. Қазір олар «есірткіні өткізу мақсатында бір топ адаммен және аса ірі көлемде әзірлегені және қайта өңдегені үшін 10-нан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Ұсынылатын түзетулерде осы әрекеттер 15 жылдан 20 жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына (ҚК 297-бабының 4-бөлігі бойынша) өзгереді.

Енді салыстырып қарайық: есірткіні әзірлеп, шығаратындар 11-12 жылға сотталады, ал дайын өнімді таратушылар 10-11 жылға сотталады. Біреулер мефедронды бірнеше келілеп өндіреді, екінші біреулер соның бірнеше грамын ғана сатады. Ал жазалау мерзімдері іс жүзінде бірдей. Неге бұлай? Екі грамнан артық есірткі табылса, ол аса ірі көлемдегі қылмыс болып саналады. Сонда 20 келі есірткі дайындаған да, 2 грамм есірткі сатқан да бірдей жазаланады. Есірткі жасырушылардың дені – 18-25 жас аралығындағы аңқау, ақымақ бозбала-бойжеткендер. Олар тез ұсталып, істеген қылмысын мойындайды. Сонда да оларды 10 жылға түрмеге қамау – әділетсіздік деді бас полицей. Мәселе ашық талқыға түскенде бұл ұсынысты құптағандар да, қарсы ой-пікір айтқандар да болды. Алдағы уақытта жазаның қалай өзгеретінін жаңалықтардан оқып білерміз.

### ЗАҢДАСТЫРУ – ЗҰЛЫМДЫҚҚА БОЛЫСУ

Еліміздегі есірткі ахуалының нашарлауына жағымсыз ықпал ететін фактордың бірі – каннабис шикізаты. Әйгілі Шу алқабында жыл сайын 5-8 мың тонна марихуана әзірлеуге болады екен. Шу даласында 140 мың гектар, Жетісу облысының аумағында 40 мың гектар алқапта жабайы қара сора өседі. Алайда қазір тек Шу даласы ғана емес, еліміздің оңтүстік және орталық өңірлерінде де қара сора егу жұмысы «қызып» тұр. «Онымен күресу үшін жыл сайын маусым-қазан аралығында «Қарасора» операциясы өткізіледі. Есірткі егістерін анықтау үшін тікұшақтарды, жол талғамайтын көлік, пилотсыз ұшу аппараттары қолданамыз. Былтырдан бері жер бетін ғарыштан алдын ала тексеру жүргізілуде. Ғарыштық мониторинг көмегімен 265 есірткі плантациясын анықтадық. Жыл сайын осы іс-шара шеңберінде 15 тоннадан 20 тоннаға дейін есірткі тәркіленеді. Биыл бұл көрсеткіш соңғы 6 жылда болмаған ең жоғары шегіне жетті, шамамен 37 тонна тәркіленді. Демек, бұл проблеманы тек күшпен шешу мүмкін емес» деп ағынан жарылды Ержан Сәденов.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа жөніндегі комитетінің төрағасы Снежанна Имашева есірткі қағандары «батпанқұйрық» бизнесін жүргізіп отырған «Солтүстік дәлізді» жабу үшін жабайы қара сора алқаптарын қатаң бақылау, тартып алу және толығымен жоюды ұсынды. «Бұл – өте қымбатқа түсетін, тиімсіз және

> Астана қаласының Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының мәліметі бойынша 2023 жылдың 10 айында елордада 843 есірткіге қатысты құқық бұзушылық іс-әрекет анықталған. Соның ішінде 194-і – есірткі таратуға қатысты қылмыс. Заңсыз айналымнан 265 келіден аса әртүрлі есірткі тәркіленген. Полицейлер 124 қылмыстық істі тергеуді аяқтап, сотқа жөнелтіпті. Соның ішінде 67-сі – аса ауыр, 57-сі ауыр қылмысқа жатады

жағымсыз іс-әрекет. Құқық қорғау органдары жыл сайын 20-25 тонна есірткі заттарын тәркілейді, соның ішінде 95 пайызы – каннабистік топтағы есірткілер. Біздің Үкімет жабайы қара сораны фармацевтикаға неге пайдаланбайды? Дамыған елдерде каннабис негізінде медициналық дәрі-дәрмектер шығарады» деді ол. Бұл ұсынысқа қатысты журналистерге ой-пікірін айтқан Ішкі істер министрі қара сораны медициналық мақсатқа қолдануға тыйым салынған, себебі ол ДДСҰ-ның ұсынымына қайшы келетінін мәлімдеді. Алайда еліміздегі 5 кәсіпорын қара сораны талшық шығаруға пайдалануға лицензия алыпты. Сондай-ақ құзырлы ведомство басшысы марихуананы заңдастыру мүмкін еместігін, ол зұлымдыққа жол ашу екендігін жеткізді.

### ЕСІРТКІНІ ҮЙДЕ ШЕКСЕ, ЗАҢДЫ МА?

Снежанна Имашева есірткі ахуалын ушықтырып отырған бірнеше түйткілдерді жайып салып, өзінің нақты ой-тұжырымдарымен бөлісті. Мәселен, 2014 жылға дейін есірткіні медициналық емес жағдайда қолданған адамға әкімшілік жаза қолданылып келді. «Жыл сайын осы әрекеті үшін шамамен 2,5 мыңға жуық (2013 жылы – 2516, 2014 жылы - 2380) адам жауапкершілікке тартылатын. Одан кейін, әкімшілік жауапкершілік Қылмыстық кодекске ауысып, есірткіні қоғамдық орындарда тұтынғандар ғана жазаланатын болды. Соның нәтижесінде биыл осындай бағыттағы 89 оқиға тіркелген, соның 30-ы ғана сотқа жіберіліпті. Бұл – еліміздегі есірткі қылмысының деңгейі төмендеді деген сөз емес. Керісінше, «қоғамдық орында» деген сөз қылмысты бүркемелеп, «Мен есірткіні үйде қолдандым, ол заңды!» дейтін адамдар көбейді. Биыл осы үйде тұтынуға қатысты 370 мың дерек тіркелген» деп түсіндірді мәселенің мәнісін депутат.

Қазір Мәжілісте «Есірткі заттары мен психотроптық прекурсорларды медициналық емес жағдайда қолдану» дегенге қайта әкімшілік жауапкершілік енгізу туралы ұсыныс арнайы заң жобасы аясында қарастырылып жатыр. Атап айтарлығы, депутаттардың ұстанымы бұл жерде екіге жарылды: бір тарап әкімшілік жауапкершілік қайта енгізілсін десе, екінші тарап қазіргі жағдайда қалдыруды қалайды. Ал құзырлы комитет мүшелері қылмыстық жауапкершілікпен қатар әкімшілік жазаны да енгізуді талап етуде. Сайып келгенде, медициналық емес есірткі заттарын қоғамдық орындарда тұтынған жандар да қылмыстық жауапкершілікке тартылады, ал қалған жағдайларда (үйде, көліктің ішінде, клубта, притонда) тұтынғандар әкімшілік жазаға тартылады.

**P.S:** ***Шынын айтайық, есірткінің таралуы күннен күнге ұлғайып барады. Әсіресе, синтетика тамырын тереңге жаюда. Ол арзан, қолжетімді және негізгі тұтынушылары жастар екені алаңдатуда. Бұл қауіппен құрылым, министрлік қана емес, күллі қоғам, ел болып күрессек қана, белгілі бір нәтижеге жетеміз.***






№148 (4581) 14/12/2023 Бейсенбі

# ДҮЙСЕНБІ
## 18 ЖЕЛТОҚСАН

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Киелі Qazaqstan»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «Сағындырған әндер-ай!»
8:10 «Дала қызы». Көркем фильм («Қазақфильм», 1954 ж.)
10:00 «Қилы күндер». Телехикая.
12:00 «Stranger». Димаш Құдайбергеннің концерті
16:30 «Ең сұлу». Көркем фильм («Қазақфильм», 2018 ж.)
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР». Телехикая.
20:00 «ЕЛІМЕ ТАҒЗЫМ». Шығармашылық кеші
